



Инвестбағдарлама
шарапаты



2-бет

Ел игілігіне
ерекше көзқарас
қажет



3-бет

Қаламгер
рухына
құрмет кеші



8-бет

• ӘЛЕУМЕТ

Тұрғын үй бағасы тұрақтала ма?



Коллаж жасаған Арайлым Қосғалы

Елімізде баспана мәселесін шешетін бағдарламалар жетерлік. Дегенмен, жаңа салық салдарынан тұрғын үй бағасы қымбаттауы мүмкін бе? Олай деуімізге себеп, салаға экономикалық факторлар, салық заңнамасындағы өзгерістер және сұраныс пен ұсыныс динамикасы да әсер етуде. Тұрғын үй бойынша мамандар жыл сайын баспана бағасы инфляция бойынша 10%-ға жуық қымбаттайтынын айтады. Сарапшылардың болжауынша, үй бағасы биыл да осы динамика бойынша өседі.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Салық баға ауытқуына тәуелді емес»

Салық заңнамасындағы өзгеріске орай коммерциялық тұрғын үйге қосылған құн салығын енгізу көзделген. Мұның сал-

дары құрылыс жүргізудің өзіндік құнын өсіруге әкеледі. Мердігер компаниялар ол шығынды тұрғын үй бағасына қосатындықтан, бұл түпкілікті сатып алушы тұрғынның қалтасына салмақ салуы мүмкін.

Доллар бағасының өсуінен құрылыс материалдарының қымбаттауы ға- жап емес. Мәселен, көпөтерлі тұрғын

үйлердің сыртқы әрлеуіне арналған құрылыс материалдарының дені Қазақстанда шығарылса, ал, ішкі әрлеудің 70%-ы шетелден әкелінеді. Ал, бизнес, элит санаттағы тұрғын үйлерге негізінен сырттан әкелінетін құрылыс материалдары қолданылады.

2025 жылға дейін елімізде 103 млн шаршы метр тұрғын үй салу көзделген. Бұл көрсеткіш жыл сайын шамамен 15-16 млн шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру дегенді білдіреді. Ал, 2026 жылға қарай бұл көлем 111 млн шаршы метрге жетуі тиіс. Бұл жоспарлар Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында бекітілген.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы Бақытжан Жүнісбековтің айтуынша, мемлекеттік бағдарламалар аясында бір шаршы метрдің бағасы тек теңгемен есептелетіндіктен, валюта бағамының ауытқуына тәуелді емес.

Бұл орайда әлеуметтік тұрғын үйдің бағасы бекітілген сметалық нормативтерге байланысты белгіленеді және нарықтық реттеуге жатпайды. Құны бір жылға белгіленіп, қосылған құн салығын есепке алмағанда, құрылысқа кеткен өзіндік құн негізінде есептеледі.

► 4-бет

• РЕСМИ

Сабақ 2 қыркүйекте басталады

Қазақстанда 2025-2026 оқу жылының басталу және демалыс кезеңдері белгілі болды. Білім беру саласына қатысты бұл ресми ақпаратты Оқу-ағарту министрлігі жариялады.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа оқу жылы 2025 жылдың 2 қыркүйегінде басталып, 2026 жылдың 25 мамырында аяқталады. Ал, білім күніне арналған салтанатты жиынның уақыты мен өткізілу тәртібі әрбір мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен белгіленеді.

Оқу жылы барысында оқушылар төрт рет демалысқа шығады. Күзгі демалыс 27 қазан мен 2 қараша аралығында өтеді. Қысқы демалыс кезеңі 29 желтоқсаннан басталып, 7 қаңтарға дейін жалғасады. Бірінші сынып оқушылары үшін 9-15 ақпан аралығында қосымша демалыс қарастырылған. Ал көктемгі демалыс 19-29 наурыз аралығына белгіленген.

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев оқу жылының құрылымы оқушылардың танымдық дамуы мен тынығуын сақтау мақсатында жасалғанын атап өтті:

— Бүгінгі мектеп жай ғана білім беретін орын емес, баланың жан-жақты дамуына әсер ететін әлеуметтік орта. Сол себепті оқу кестесін құрастыруда әр баланың жас ерекшелігі, оқу жүктемесі мен демалу құқығы ескерілді, — деді министр.

Министрлік өкілдерінің айтуынша, білім беру ұйымдарына оқу жүйесін тиімді ұйымдастыру, оқушылардың сапалы білім алуын қадағалап, ата-аналармен байланысты нығайту бағыты бойынша да қосымша ұсыныстар қарастырылған.

Киберқылмыс – көрінбейтін қауіп

«Қазір көптеген азаматтарымыз алаяқтардың айласына түсіп, алданып қалып жатыр. Сондықтан, құқық қорғау органдары алаяқтарға қарсы табанды күрес жүргізуге тиіс. Оларға ешқандай жеңілдік жасалмауы керек. Себебі, алаяқтардың жасаған әрекетінен халық зардап шегуде» деген еді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысының тапсырмасымен елімізде интернет-алаықтықпен күрес күшейтіліп, қылмыскерлерге қарсы заңнамалық және технологиялық тосқауылдар қоюыла бастады. Облыста да бұл бағытта бірқатар жұмыс атқарылуда.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»



Коллаж жасаған Арайлым Қосғалы

Мыңнан астам адам алданды

Бүгінгі таңда интернет желісін, смартфонды немесе банк қосымшасын пайдаланбайтын адам кемде-кем. Бірақ, дәл осы цифрлық өмір салты киберқылмыскерлерге кең жол ашып отыр. Олар адамдардың аңғалдығын, қаржылық сауатсыздығын және сақтықтың жоқтығын пайдаланып, оңай жолмен пайда табуға шебер.

Ресми дерекке сүйенсек, 2025 жылдың алғашқы алты айының өзінде облыс аумағында 1 307 азамат интернет-алаықтардың құрбанына айналып, жалпы шығын 2,5 миллиард теңгеден астам соманы құраған. Бұл – полиция департаментінің тіркеген нақты деректері. Қарапайым тұрғыннан бастап, зейнеткерлер мен жас мамандарға дейін сан соғып қалуда. Бұл – тек ашылған істердің ресми есебі ғана екенін атап өткен жөн.

► 4-бет



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Қылмыстық істердің 464-і алаяқтардың өзін банк, полиция, пошта немесе емхана қызметкері ретінде таныстыруы арқылы жасалған. Олар елге телефон шалып, сенімділік ұялату үшін «Ұлттық банк», «1414», «Ұлттық қауіпсіздік комитеті» деген сынды мекемелердің атынан сөйлеп, азаматтарды бейнекеңірау арқылы да алдап соғады. Тіпті, полиция немесе прокурор формасын киіп, арнайы операция өтіп жатқанын айтып сендіреді. Олардың басты құралы – SMS-код. Бір реттік кодты айтқан азаматтың атына алаяқтар несие рәсімдеп, бірнеше минут ішінде ақшаны басқа есепшотқа аударып үлгереді.

Инвестбағдарлама шарапаты

Қарағандыда жылу желілерін кешенді жаңғырту жалғасу үстінде. Биыл 1972 жылы тартылған М-2 магистралінің қайта жаңартылуы басталды. Қаланың орталығындағы жүктеме көбейген сайын бұл шешімнің өзектілігі арта түскен. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс сапары барысында аталған жобалардың жүзеге асырылу барысымен танысты.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Магистральді қайта жаңарту жобасы көпқабатты тұрғын үйлер, әлеуметтік және мәдени мекемелер, сондай-ақ, жеке сектор сынды 900-ден астам нысанды қамтиды. Тозығы жеткен құбырларды мамандар қызмет ету мерзімі 30 жылға жететін алдын ала оқшауланған жаңа құбырларға алмастырылуда. Жаңа құбырдың диаметрі үлкейтілген, яғни, гидравликалық көрсеткіштерді жақсарттады. Нәтижесінде, жылу жүйелерінің тозу деңгейі төмендеп, жылу жоғалту азаяды. Ал, жылумен қамтудың сапасы мен тұрақтылығы айтарлықтай артады.

Қазіргі таңда жұмыс «Ақжол-тай» сауда үйінің маңында және №2 сорғы станциясы ауданында жүргізілуде. Биыл 450 метр магистраль жаңартылады деп жоспар-



ланған. Қала тұрғындары үшін уақытша, қауіпсіз әрі жарықтан-дырылған өткелдер орнатылған. Сонымен қатар, «Теплотранзит Қарағанды» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің инвестициялық бағдарламасы аясында үш

ірі жоба жүзеге асырылып жатыр. С.Мұқанов көшесіндегі 29 ықшамауданда құбырлар мен сорғы жабдықтары толық ауыстырылып, заманауи жапқыш арматуралар мен температураны реттейтін түйіндер орнатылуда. Әлихан Бө-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

кейхан атындағы аудан аумағында Архитектурная, Гвардейская және Лихачев көшелеріндегі тұрғын үйлерді жылумен қамтамасыз ететін желілер қайта жаңартылып жатыр.

Тағы бір маңызды бағыт – «ОН-3» нүктесінен «ТП-1»-ге дейінгі байланыс магистралінің жаңғыртылуы. Аталған учаске жаңартылған соң Сұрыптау, Пришахтинск және Шахтерский кентінің тұрақты әрі сапалы жылумен қамтамасыз етілуіне мүмкіндік береді. Ұзындығы 2,2 шақырымнан асатын осы желіні алдағы жылыту маусымына дейін толық аяқтау көзделген. Аталған жобалармен қатар, өңірде жылыту маусымына дайындық жалғасып жатыр. Биыл жалпы ұзындығы 13,8 мың метр болатын жылу желісін ауыстыру жоспарланған. Қазіргі уақытта атаулы көлемнің жартысынан астамы орындалды.

Аймақ басшысы, сондай-ақ, Әлихан Бөкейхан атындағы ауданда салынып жатқан «Жаңа Майкұдық» қосалқы станциясына барды. 2022 жылдан бері жүзеге асып жатқан жоба қазір аяқталу кезеңінде. Қуаты бұрынғысынан 2,5 есе жоғары бұл станция 23 мыңнан астам тұтынушыны – тұрғын үйлерді, әлеуметтік нысандарды және шағын кәсіпорындарды тұрақты электр энергиясымен қамтамасыз етеді.

Жылыту маусымына дайындық барысын тексердік. Жұмыстар қарқынды жүргізіліп жатыр. Жылу жүйелерін жаңғырту ісін жалғастырамыз, алда ауқымды жұмыстар бар. Әлихан Бөкейхан ауданындағы қосалқы станция құрылысы – бұрыннан қажет болған шешім. «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында Қарағанды заманауи әрі маңызды инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуде, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

Сүт өндірісі өркендейді



Бұқар жырау ауданындағы Керней ауылдық округіне бұрынғы XXV партсезд атындағы кеңшардың аумағы кіреді. Сонау тоқсаныншы жылдары бұл кеңшар тарап-тараптан, оның құрамындағы Орталық, Ақжар, Алғабас бөлімшелері болған үш ауыл да іргесі сөгілмей, орнында қалған. Бұлардағы мәдени ошақтары мен орта және орталау мектептері, байланыс бөлімшесі мен медпункт баяғыша жұмыс істеп, жылы орындарын суытып, көшіп кетіп жатқандар байқалмайды. Мұндағы халық жер тырмалап, мал өсіріп, өзінің қоңыр тірлігін кешіп жатыр.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Біздің округ тұрғындары нарық заманына жақсы бейімделіп, біреуден ілгері, біреуден кейін өмір сүруде, – дейді Керней ауылдық округінің әкімі Ерхан Есентаев. – Қазір бізде ауыл шаруашылығымен 54 шаруа қожалығы айналысса, кейінгі кезде 2 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (бұдан былай АӨК) құрылды. Соның бірі «Бабас» АӨК заңды түрде тіркеліп, жеңілдетілген несие алуға өтінім түсірсе, «Керней 75 және 75» АӨК жұмысын бастап та жіберді.

Осы айтылған «Керней» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі өткен жылы осы округ орталығының 1975 жылы туған азаматтары Амангелді Саршинов пен Бауыржан Баймағамбетовтің және оның ұлы Мирастың құрылтайшылығымен ұйымдастырылған екен. Аталған кооперативтің төрағасы Амангелді Саршиновтің айтуынша, олар биыл жыл басында «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 2,5 жеңілдікті пайызбен 7 жылға 22 миллион 500 мың теңге несие алып, соған чехтің 29 бас «семементаль» тұқымды ірі қара малын сатып алған көрінісі. Осы малдың 18-і сауын сиыр, екеуі бұқа да, қалғаны қашарлар. Содан осы көктемде 17 сиыр бұзаулап, күніне олардан 170 литр сүт сауылып, оның күрт, майы мен ірімшігі өздерінің Қарағанды қаласының «Алтын арба» базарындағы сауда орындарында күнделікті саудалануда. Малды бағып-күту, сиыр сауып, оның сүтінен май бұлап, күрт, ірімшік кептіріп, даярлау үшін келісімшарт бойынша кооперативте тағы да 4 адам жұмыспен қамтылған. Өзірге мұндағы жұ-

мыстардың бәрі қолмен атқарылууда.

– Ендігі біздің міндет қол жұмысын азайтып, өндірісті кеңейтіп, автоматтандыруға көшіру болып отыр, – дейді Амангелді Саршинов. – Сол үшін ауылдағы қираған үш үйдің орнын сатып алып, оның 35 сотығын қоршап, онда қора-жай тұрғызып, 75 шаршы метрлік сүт өндірісі цехын салып алдық. Енді оған қажет аппараттарды Өзбекстаннан сатып алуға қам жасаудамыз. Мал басы өскен сайын оған жем-азық әзірлеуге лизингпен техника сатып алу да ойымызда бар.

Аяқты малдың жайылымы үшін де жер керек болады. Жергілікті округ орталығының 1975 жылы туған азаматтары Амангелді Саршинов пен Бауыржан Баймағамбетовтің және оның ұлы Мирастың құрылтайшылығымен ұйымдастырылған екен. Аталған кооперативтің төрағасы Амангелді Саршиновтің айтуынша, олар биыл жыл басында «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 2,5 жеңілдікті пайызбен 7 жылға 22 миллион 500 мың теңге несие алып, соған чехтің 29 бас «семементаль» тұқымды ірі қара малын сатып алған көрінісі. Осы малдың 18-і сауын сиыр, екеуі бұқа да, қалғаны қашарлар. Содан осы көктемде 17 сиыр бұзаулап, күніне олардан 170 литр сүт сауылып, оның күрт, майы мен ірімшігі өздерінің Қарағанды қаласының «Алтын арба» базарындағы сауда орындарында күнделікті саудалануда. Малды бағып-күту, сиыр сауып, оның сүтінен май бұлап, күрт, ірімшік кептіріп, даярлау үшін келісімшарт бойынша кооперативте тағы да 4 адам жұмыспен қамтылған. Өзірге мұндағы жұ-

Бұқар жырау ауданы

Сурет автордан

• АСТЫҚ - 2025

Берекелі күзге дайындық бекем

Нұра – облыстағы ең астықты өңірлердің бірі. Сондықтан, бұл ауданда егіншілікке ерекше көңіл бөлінеді. Жаз ортасы ауа өңір басшысы егістік алқаптарын аралап, ауыл шаруашылығы құрылымдарының басшыларымен кездесуді, олардың ой-пікірлерін тыңдап, кеңесуді, яғни, берекелі күзге бекем дайындық жасауды дағдыға айналдырған.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бақытжан Мұқанов бұл жолғы жұмыс сапарын Қорған-жар ауылдық округіндегі «Ягода-KZ» шаруа қожалығынан бастады. Бұрын қартоп өсірумен айналысқан қожалық биыл құлпынай, қияр және қарбыз егуді

қолға алған екен. Судың жарамдылығын, жердің құнарлылығын тексеріп, сынау мақсатын алға қойған қожалық биыл ойдағыдай өнім жинаса, болашақта құлпынайды негізгі дақыл ретінде жақсылап қолға алмақшы.

Жұмыс сапары барысында Бақытжан Мылтықбайұлы К. Мынбаев ауылындағы «Нұрислам», Кертінді ауылындағы

«Ай-дос», «Алпыс», Ақмешіт ауылындағы «Алтын жер» шаруа қожалықтарының жұмыстарын көріп, олардың дәнді және майлы дақылдар алқаптарын аралады. Өнім жинауға дайындық барысын пысықтады. Аудан әкімі «Қайнар», «Отқанжар», «Жараспай», «Шахтерское» және «Пржевальское» серіктестіктерінің егістік алқаптарында болып, бидай, картоп, рапс және басқа да дақылдардың өсіп-жетілу жағдайымен танысты. «Ержұманов» ШҚ, «Брехунец» ШҚ және «Нұра-Астық» ЖШС жұмыстарын көріп, күтілетін өнім сапасы мен көлемі бойынша шаруалармен пікір-

лесті. Егінді ауылындағы «Ержұманов» ШҚ салып жатқан астық қоймасы да аудан басшысының назарынан тыс қалған жоқ. Жиналған өнімді сақтау үшін қойма аса қажет. Астық мол әрі сапалы күйінде сатылса, ауылдың дамуына үлкен көмек.

Сапарының соңында Ахмет ауылдық округіндегі «Қоғабас» шаруа қожалығында болды. Бұл қожалық дәнді дақылдармен қатар картоп пен жүгері өсірумен де айналысады. Аудан әкімі егістік алқаптарын аралап, суару жүйесін көрді, өнімді жинау мен өткізу жұмыстарына әзірлікпен танысты.

«Жасыл ел» жасағының жақсылығы

«Жасыл ел» еңбек жасағының жас сарбаздары тыл ардагерлері – 91 жастағы Анатолий Викторович пен 89 жастағы Раиса Ивановна Леоненколардың үйіне арнайы барып, шын жанашырлықпен көмек қолын созды. Жастар ақсақалдың үйінің сыртын әктеп, терезелерін мұнтаздай етіп жуып, ауласын тазалап, бау-бақшадағы шаруаларды да атқарды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»


– Біз үшін бұл – үлкен қуаныш, – дейді Раиса Ивановна. – Қазір ешкім жайдан-жай келіп, көмектеспейді. Ал, бұл балалар бәрін тындырып берді. Енді ауламыз тап-таза, көңілге жайлылық сыйлайды. Шын жүректен алғысымызды айтамыз.

Ардагердің екеуі де өмір бойы Ботақара ауылында тұрып, еңбек еткен: отағасы көлік жүргізуші. Ал, жары аудандық ауруханада рентген-лаборант болған. Соғыс жылдарында басқа қатарластары сияқты ерте есейіп, тылда еңбек еткен. Қазір қарттар жалғыз тұрады.

– Биыл «Жасыл ел» жобасы-

на алғаш рет қатысып жатырмын. Басында жұмыстар қиын көрінді, бірақ, ұжым жақсы, бәрі бір-бірін қолдайды. Қазір екі апта өтті – енді бұл жұмыс өзіме ұнап жүр. Бүгін Раиса апай қолымды ұстап, шын жүректен алғыс айтқанда, жүрегім елжіреп кетті. Осындай сәттер үшін еңбек етуге болатынын түсіндім. Жасаған ісіміздің зая кетпегенін сезіну – өте маңызды, – дейді жасақ қатысушысы Айша Қонысбаева.

– Мұндай игі бастамалар жастардың экологиялық мәдениеті мен азаматтық жауапкершілігін арттырады. «Жасыл ел» сарбаздары үшін бұл тек маусымдық жұмыс емес, өмірлік құндылықтарды түсініп, өзгелердің жағдайына бейжай қарамауға



үйрететін тәжірибе, – деді Бұқар жырау ауданы Жастар ресурстық орталығының директоры Мейірлан Қалиев.

Аудан әкімдігінің мәліметін-

ше, жастардың мұндай көмегі жаз бойы жалғасады. «Жасыл ел» жасағы алдағы уақытта да ауылдағы жалғызбасты және егде жастағы тұрғындарға қолға-

быс көрсетуді жоспарлап отыр. Міне, осы бір игі істің астарында адамгершілік пен мейірімге толы үлкен мән жатыр. «Жасыл ел» сарбаздарының қолымен жа-



ЖАЛПЫАУЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

салған әр іс – тек тазалық пен тәртіп емес, жүректен сезілген қамқорлық, үлкендерге деген құрметтің көрінісі.

Анатолий ата мен Раиса апаның алғысы – жай ғана сөз емес, ел болашағына сенім мен үміттің белгісі. Осындай жарқын істер арқылы жастар өздерінің қоғам алдындағы орнын сезініп, өмірлік құндылықтардың мәнін ұғына түседі. Кейде бір аула тазалығы – тұтас жан әлемін жылытатын жарық сауле іспетті. Бұл – еңбек пен мейірім үндескен шақ. Осы үннің ұзаққа созылып, болашақ буынға үлгі болып жетеріне сенім мол.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТА

Ел игілігіне ерекше көзқарас қажет

Мемлекет басшысы депутаттарға ауылдық денсаулық сақтау және білім беру нысандарын дамыту саласындағы ұлттық жобаларды жүзеге асыру бойынша бірқатар міндеттер қойды. Осы орайда облыс депутаттары әлеуметтік маңызы бар нысандардың құрылысына мониторинг жүргізді. Атқарылған жұмыстардың барысы, барлық мүдделі тараптардың қатысуымен анықталған мәселелер және оларды шешу жолдары облыстың мәслихат төрағасы Нұркен Кобжановтың басшылығымен өткен кеңесте талқыланды.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Депутаттық корпусының, атқарушы органдардың және жергілікті өзін-өзі басқарудың бірлескен қызметі іске асырылып жатқан әрбір жобаның ыңғайлы және функционалды болып қана қоймай, облыс тұрғындарының қажеттіліктеріне барынша сәйкес келуін қамтамасыз етуге бағытталған. Осы орайда депутаттар 30 денсаулық сақтау, 40 білім беру нысанын аралады. Сапар қорытындысында бірқатар кемшіліктер анықталды.

– Нысандарды тексеру барысында бекітілген жұмыс кестесінен айтарлықтай кешігу кездесті. Құрылыс жұмыстарының ин-терьерді әрлеу сапасының жеткіліксіздігі, әрі іргелес аумақтарды абаттандырмаған жағдайлар кездесті. Оған қоса салынған денсаулық сақтау объектілері бір жылдан астам уақыт бойы пайдалануға берілмеген. Тапсырыс беруші тарапынан бақылау, авторлық және техникалық қадағалау жеткіліксіз. Бұл мәселелерді депутаттар ерекше бақылауға алды. Жергілікті жерлердегі ахуалмен танысу үшін жұмыс топтары құрылды. Олардың құрамына облыстық мәслихат депутаттары, мәслихат төрағалары қала мен аудандар әкімдерінің орынбасарлары, білім, денсаулық сақтау, құрылыс басқармаларының басшылары, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының өкілдері кірді, – деп атап өтті Нұркен Кобжанов.

Кеңесте облыс әкімінің бірінші орынбасары Азамат Тайжанов «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы бірнеше міндет қоятынын атап өтті.

– Ауылдық елдімекендерді нормативтерге сәйкес алғашқы медициналық-санитарлық көмекті ұйымдастыра отырып қамтамасыз ету – маңызды. Облыста ауыл медицинасын дамыту әлеуетіне орай барлығы үшін тең мүмкіндік жасалып, ауыл тұрғындарына медицина қолжетімді бола бастады.

Дегенмен, тұрғындарға шұғыл медициналық көмек көрсетуді арттыру қажет. Ауылдарда салынып жатқан нысандардың сапасы бақылауға алынып, мердігерлер жұмыстарды ширатуы тиіс, – деп атап өтті Азамат Тайжанов.

Әрбір нысан үшін арнайы пайдалануға беру, тапсыру мерзімі көрсетілген жеке құрылыс кестесі бар. Оз міндеттерін орындамаған кестені сақтамағандарға заңнамаға сәйкес тиісті шаралар қолданылады. Сондықтан, ғимаратты салып қана қоймай, оларға іргелес жатқан аумақтарды абаттандырып, тұрғындар үшін қолайлы жағдай жасау керек. Бұл орайда бүгінгі таңда өңір бойынша нысандардың уақытынан кешіктірілмей тапсырылуына жауапты тұлғалар анықталды. Олар мәселені назарда ұстап, сапа мен мерзімін ескерді.

Кеңесте «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасының іске асырылу барысы егжей-тегжейлі талқыланды. Депутаттар білім беру объектілерін салу, оның ішінде, «Жайлы мектептер» ұлттық жобасын іске асыру барысы жөнінде сауал жолдап, күн тәртібіне қойды.

Сөз алған денсаулық сақтау басқармасының басшысы Самат Кенжибаев ұлттық жоба аясында облыста іске асырылған жұмыстар жөнінде баяндады. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» бойынша бейіндік комиссияның



төрағасы Қадияша Оспанова Талды дәрігерлік амбулаториясының денсаулық сақтау басқармасының қарамағына әлі берілмегені жайлы мәселе қозғады. Сондай-ақ, Өсібай ауылында медициналық пункт салу бойынша барлық жұмыстар тоқтатылғаны айтылды.

Депутаттың айтуынша, мониторинг нәтижесінде Бұқар жырау ауданындағы Сарыарқа ауылы, Тоғызқұдық ауылы, Ботақара кенті, Ақбел ауылындағы құрылысқа қатысты бірқатар проблемалық мәселелер анықталған, құрылыс барысы кестеден кешігуде. Бұл нысандарды пайдалануға уақытынан кеш беру қауіпін қамсыздатады. Сонымен қатар, барлық нысандарда құрылыс жұмыстарының ішкі әрлеу сапасын арттыру қажет.

– Салынып жатқан нысандар, мәселен, Сарыарқа ауылы, Тоғызқұдық ауылы, Ақбел ауылы, Сарытөбе ауылында нысан жаңындағы аумақты абаттандыру маңызды. Сондай-ақ, құрылыс нормалары мен қағидалары сақталуы тиіс. Сапаны қамтамасыз ету үшін авторлық және техникалық қадағалауды күшейту қажет. Фельдшерлік-акушерлік пункт үшін білікті медицина мамандарын тарту да ауылдық денсаулық сақтаудың өзекті міндеті, – деп атап өтті Қадияша Базарбаева.

Облыстық мәслихат төрағасы Красная-Нива, Центральный және Тасауыл ауылдарында медици-



налық пункттер салу жөніндегі жұмыстардың ағымдағы жай-күйімен таныс екенін баяндады. Сондай-ақ, Бұқар жырау ауданының Гагарин ауылындағы мектепке жапсаржай салу және Ғ.Мұстафин кентінде «Жайлы мектеп» барысын тілге тиек етті.

– Бұқар жырау ауданының құрылыс нысандарын аралау барысында кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда, жұмыс көлемі бекітілген кестелерден кешігіп отыр. Құрылыс және әрлеу жұмыстарының сапасы қосымша іс-шаралар жүргізуді талап етеді. Бұдан басқа, Тасауыл ауылында салынған медициналық пунктке инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды қосуды қамтамасыз ету қажет, – деп атап өтті Нұркен Сайфиддинұлы.

Кеңесте мәслихат төрағасы ауылдық жерлерде кадрлармен қамтамасыз ету мәселелерінің шешілуі барысына қатысты сауал жолдады.

– Бытыр ауылдық жерлерде медицина қызметкерлерін қолдау шараларын қаржыландыруды қолдадық. Біржолғы төлемдер, әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктерді қоса алғанда, әртүрлі шаралар қарастырылды.

Шалғайдағы елдімекендерде жұмысты ынталандыру үшін ауылдың қаладан қашықтығына байланысты медициналық қызметкерлерге төлемдерді саралау туралы ұсыныс бар, – деп атап

өтті Самат Кенжибаев.

Кеңесте депутаттар күн тәртібіндегі кезекті мәселе – білім беру объектілеріне, күрделі жөндеу және салу барысына тоқталды. Бейіндік комиссияның төрағасы Қадияша Оспанова білім беру нысандарын жөндеудегі күрделі жұмыстарды жүргізу кестеге сай аяқталмауы мүмкін екенін алға тартты.

Облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Мейіржан Сыздықовтың айтуынша, қазіргі уақытта облыста 33 білім беру мекемесіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

– Облыста 188 білім беру нысанына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Жалпы, 33 нысанда жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарының орындалу қарқыны әртүрлі деңгейде. Қазіргі уақытта өңірдегі 22 білім беру нысанында күрделі жөндеу жұмыстарының 50%-дан астамы аяқталған, – деп атап өтті Мейіржан Жәкенұлы.

Бұл орайда жөндеу жұмыстарының барысына мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында басқарма қызметкерлері бекітілген кестеге сәйкес нысандарға барып, тексеру жұмыстарын жүргізген. Сонымен қатар, жөндеу жұмыстарының орындалуы жергілікті жерлерде мәслихат депутаттарының тұрақты бақылауына алынған.

Қарағанды облысының құ-

рылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының м.а. Саян Мұратұлының айтуынша, жоспардан тыс тексеру нәтижесінде тапсырыс берушілер мен мердігер ұйымдар тарапынан бұзушылықтар анықталған. Атап айтсақ, Мағжан Жұмабаев атындағы гимназия және Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-лицейі бойынша жүргізілген тексеру нәтижесінде бірқатар заң бұзушылықтар анықталып, әкімшілік істер қозғалған. Қазіргі таңда білім нысандарында талапқа сай жөндеу жұмыстары жалғасуда.

Депутаттық корпус кеңес сонында құрылыс, сәулет және қала құрылысы, білім беру, денсаулық сақтау басқармалары ағымдағы жоспарларды қайта қарап, құрылыс және жөндеу қарқынын жеделдету жөнінде шаралар қабылдауды ұсынды. Бұл орайда уәкілетті органдар салынған нысандарды коммуналдық меншікке алу және беру де бейінді мемлекеттік органдармен құқықтық және басқа да мәселелерді пысықтауы тиіс.

– Құрылыс, сәулет және қала құрылысы, білім беру, денсаулық сақтау басқармалары, қалалар мен аудандардың әкімдері құрылыстың сапасына бақылауды күшейтсін. Қажет болған жағдайда анықталған кемшіліктерді жою үшін қосымша тексерулер жүргізуді қамтамасыз еткен жөн.

Осы орайда уәкілетті органдар мен тапсырыс берушілер, қалалар мен аудандардың әкімдері іргелес аумақтарды көгалдандыру және абаттандыру бойынша нақты жоспарлар әзірлеуі тиіс. Ал, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы авторлық және техникалық қадағалаудың жүргізілуіне бақылауды қамтамасыз ету үшін жауапты мамандарды тағайындағаны дұрыс. Денсаулық сақтау басқармасы фельдшерлік-акушерлік пункттер үшін білікті медицина мамандарын тарту мәселесін шешуді қолға алсын, – деп атап өтті Нұркен Сайфиддинұлы.

Облыстық мәслихат депутаттарының жұмыс топтары жергілікті жерлерде ұлттық жобалардың іске асырылу барысын бақылауды жалғастырады.

Суреттерді түсірген Александр МАРЧЕНКО



Тағылымды акция

Шахтинск қаласында Оқушылар сарайының екінші корпусында орналасқан «TARLAN» мектеп автокартдромының ашылуы күтілуде. Осы нысан аумағын абаттандыру және табиғатты қорғау бағытындағы жұмыстар республика көлеміндегі «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында қарқынды жүріп жатыр.

Аида РАХЫМҚҰЛОВА, «Ortalyq Qazaqstan»

Осыған орай Оқушылар сарайының бастамасымен және мектепке дейінгі ұйымдардың қолдауымен «Құстарға арналған ұялар» атты экологиялық акция өткізілді.

Аталған шараға балабақша тәрбиеленушілері, олардың ата-аналары және Оқушылар сарайының педагогтері белсенді қатысты. Балалар үлкендердің көмегімен құстарға арналған қоректендіргіштер мен үйшіктер жасап, оларды ағаш бұтақтарына орнатты шықты.

Әртүрлі пішінде және түрлі түстермен безендірілген ұялар балалардың қиялы мен шеберлігінің нәтижесін көрсетіп, аумаққа ерекше көрік берді. Акция тек сәндік сипатта емес, сонымен қатар, үлкен тәрбиелік мәнге ие болды.

Экологиялық шараның басты мақсаты – жас ұрпақтың бойында туған өлкенің табиғатына, оның тірі әлеміне деген сүйіспеншілікті, қамқорлық пен жауапкершілікті қалыптастыру. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай бастамалар балалардың табиғатты түсінуіне, құстарға деген жанашырлық сезімін дамытуға және экологиялық мәдениетті ерте жастан сіңіруге септігін тигізеді.

Экомәдениет қалыптасуы үшін

Теміртауда «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында екі ауқымды шара өтті.

Аида РАХЫМҚҰЛОВА, «Ortalyq Qazaqstan»

«Пластиксіз қала» бастамасы шеңберінде Шығыс саябағы, Жас көрермендер театры мен Жастар орталығының алаңдарында пластик шиша қабылдайтын арнайы пункттер ашылды. Тұрғындар оны өткізгені үшін ынталандыру сыйлықтарына ие болды. Әр 10 шиша орнына балмұздаққа купон берілді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл тек қалдық жинау емес, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған бастама. Акция аясында 2 000-нан астам сыйлық дайындалды. Пластиктерді жинау мен қайта өңдеу процесіне жергілікті кәсіпорындар белсенді қолдау көрсетті.

Екінші шара – қалалық жағдайда өткен «Таза ойындар» атты экологиялық марафон. Бұл ойын форматындағы акцияға 300-ден астам адам – оқушылар, студенттер, еріктілер мен қала тұрғындары қатысты. Қатысушылар жағажай аумағын тазартып, командалық жұмыс пен экологиялық ойлауға негізделген түрлі тапсырмаларды орындады.

Іс-шара барысында волонтерлер тұрғындарға тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау, қайта өңдеу және табиғатты сақтаудың маңыздылығы жөнінде ақпарат берді. Қатысушыларға қолғап, су, қаптар және бейсболкалар таратылды. Қауіпсіздік мақсатында іс-шара барысында медициналық көмек пен полиция кезекшілігі ұйымдастырылды. Белсенділерге алғыс сертификаттары мен ойын-сауық орталықтарына арналған купондар табысталды.



Киберқылмыс – көрінбейтін қауіп

(Соңы. Басы 1-бетте).

Ал, 213 жағдайда адамдар интернеттегі жалған инвестициялық платформаларға алданып қалған. Байқасак, атаулары да сенім ұялататындай. Мәселен, «КазМунай-Газ Инвест», «Каспи Профит», «КазАтомПром Инвест» сынды. Олар апта сайын табыс әкелетін тиімді жоба ретінде ұсынылып, бастапқыда шағын пайда көрсетіп, кейін қомақты сомалар сұрату арқылы бар қаржыны жұтып кетеді. Құрбандардың ішінде өз қаражатынан 100 есе артық пайда көріп тұрғанына сеніп, қайта-қайта ақша құйып, бәрінен айырылып жатқандары да бар.

Жалған дүкендер мен сілтемелерге сенбеніз!

Алаяқтықтың тағы бір түрі – елімізде кең таралған «OLX», «Kolesa», «krisha.kz.» сияқты онлайн платформалар арқылы тауар сатамын деп арзан бағада ұсыныс жасаушылар. Тұрғындар алдын ала төлем жасап, ақырында не тауарды, не сатушыны таппай сан соғып қалып жатады.

Ал, соңғы кезде «WhatsApp», «Telegram» мессенджерінде жалған сілтемелер арқылы адамдардың ақкаунты бұзылып, олардың атынан таныстарынан қарыз сұрау немесе алаяқтық ұсыныстар тарату фактілері жиілеген. WhatsApp Web-ке сырттан қосылып, пайдаланушылардың атынан толықтай әрекет ету мүмкіндігіне ие болған киберқылмыскерлер еш кедергісіз өз ойын қашықта отырып-ақ жүзеге асырады.

Полиция департаментінің Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының аса маңызды істер бойынша аға жедел уәкілі Дінмұхамед Ғалиұлының айтуынша, интернет-алаяқтардың құрбаны болу үшін қаржылық немесе цифрлық сауатсыз болу шарт емес.

– Киберқылмыскерлер адамның жасына, жынысы, тіпті, мансабына да қарамайды. Олар психологиялық манипуляция арқылы кез келген адамды алдап, өздеріне қажетті әрекеттерді жасатуға тырысады. Біз тергеу барысында ұстаздар, дәрігерлер, инженерлер, тіпті, IT-мамандардың да ала-



яқтардың арбауына түсіп қалғанына куә болдық. Себебі, алаяқтар нақты жоспармен жұмыс істейді. Мысалы, олар психологиялық қысым жасап, қауіп төнгендей жағдай қалыптастырады, адамды дүрілкітреді, сеніміне кіреді. Осындай сәтте адамдар логикамен емес, эмоциямен әрекет етеді, – дейді жедел уәкіл.

Дінмұхамед Ғалиұлының айтуынша, соңғы кезде жалдамалы SIM-бокс құрылғылары арқылы еліміз аумағында заңсыз қоңыраулар шалуға арналған 7 құрылғы анықталып, 5 күдікті ұсталған. Аталған құрылғылар трансұлттық ұйымдасқан топпен байланысты болғаны анықталып отыр.

Қылмысқа тосқауыл не?

Биыл 10 шілдеде Саран қаласында риелторлық агенттіктермен бірлескен шара кезінде үйін сатқалы жатқан зейнеткердің алаяқтар құрбаны болуына жол берілмеді. Ал, 22 шілде күні Теміртау қаласында полиция мен банк қызметкерлері бірігіп, 50 жастағы азаматтың 6 миллион теңгені алаяқтарға жіберіп қоюының алдын алды.

Сонымен қатар, Ұлттық банк енгізген «Анти-Фрод орталығы» алаяқтарға жіберіліп жатқан қаражаттың бір бөлігін бұғаттап,

жәбірленушілерге қайтаруға мүмкіндік беруде. Қазіргі уақытта бұл жүйе кеңінен қолданылып келеді.

Киберқылмыстың алдын алу мақсатында полиция департаменті тарапынан сауда үйлерінде, халық көп шоғырланатын орындарда және әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары белсенді жүргізіліп келеді. Мектептер мен мекемелерде кездесулер, еріктілермен бірге акциялар ұйымдастырылуда. Бұдан бөлек, Қазақстан республикасы Қылмыстық кодексінің 232-1-бабы бойынша банк картасын бөтен адамға пайдалануға берген («дропер») азаматтар да енді қылмыстық жауапкершілікке тартылатыны туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Қауіпсіздік өз қолыңызда

Тұрғындар интернет-алаяқтардың қақпанына түспеу үшін бірқатар маңызды әрі қарапайым қағидаттарды ұстанғаны жөн.

Атап айтсақ, телефон арқылы келген SMS-кодты ешкімге айтпаңыз, тіпті, полиция мен банк қызметкерімін десе де. Құқық қорғау органдары бейнебайланыс арқылы арнайы операция жүргізбейді. Бейтаныс сілтемелерге өтпеліз, ештеңеге тіркелмеңіз, арзан тауар

– сапалы сауданың емес, алдаудың белгісі.

Алдын ала төлем жасаудан бас тартыңыз. «Каспи Профит», «КазМунайГаз Инвест», «КазАтомПром Инвест» сынды компаниялар тіркелмеген, яғни, алаяқтық платформалар.

Қаржылық сауатыңыз, я, криптовалюта бойынша біліміңіз болмаса – инвестиция жасамаңыз. Жақыныңыз, танысыңыз мессенджер арқылы ақша сұраса, тікелей хабарласып, өзі екеніне көз жеткізіңіз.

Қала тұрғыны Төкіш Серікұлы алаяқтардан әріптесінің қырағылығының арқасында аман қалғанын айтады.

– Жұмыс уақыты болатын. Түскі мезгіл еді, әріптестермен тапсырмаларды пысықтап, нағыз жұмыс қызып жатқан уақыт. Кенет телефоныма бейтаныс нөмірден қоңырау түсті. Өлгі адам өзін байланыс операторының қызметкерімін деп таныстырып, «нөміріңіздің жарамдылық мерзімі аяқталғалы жатыр, оны ұзарту керек» деді. Кенет телефон нөміріме төрт таңбалы SMS-код келді. Өлгі адам сол кодты айтуымды сұрады. Шыны керек, жұмыстың қарқынымен, әңгіме арасында аңдаусызда кодты айтып қоя жаздадым. Сол сәтте қасымдағы әріптесім

не болып жатқанын сұрап, күмәнданды да, бірден араласып, мені тоқтатты. Кейін барып, алаяқтардың құрбаны бола жаздағанымды ұқтым, – дейді ол.

Демек, алаяқтар адамның назары бөлініп, жұмыспен әлек боп отырған сәттерін сәтті пайдалануды жетік меңгерген. Дауысы да сенімді, сөзі де нақты, еш күмән тудырмайды. Бір қарағанда қарапайым қызметтік қоңырау сияқты. Бірақ, бір сәттік бейқамдықтың соңы үлкен өкінішке ұласуы мүмкін. Сондықтан, қасында үнемі ескерту жасап, құтқарып қалатын әріптесің немесе досыңның бола бермейтінін ұмытпаған жөн...

Шетел тәжірибесіне үнілсек

Цифрлы қауіпке қарсы күресте көптеген елдер арнайы құрылымдар мен заңнамалық тетіктерді енгізуде. Мәселен, АҚШ-та киберқылмыспен күрес FBI жанындағы Cyber Division бөлімшесіне жүктелген. Онда интернет-алаяқтық, дербес деректердің ұрлануы, фишинг және несие алаяқтығы бағыттары бойынша арнайы топтар жұмыс істейді. Сонымен қатар, азаматтар Internet Crime Complaint Center жүйесі арқылы онлайн шағым бере алады.

Ұлыбританияда киберқылмыспен күрес National Cyber Security Centre (NCSC) арқылы жүзеге асады. Олар халыққа арналған «Suspicious Email Reporting Service» жүйесін іске қосқан. Онда күмәнді хаттар мен сілтемелерді арнайы мекенжайға жіберу арқылы тексеруге болады.

Әлемдегі дамыған елдердің бірі Сингапурда 2021 жылдан бастап, кибершабуылдар үшін қатаң заңдар қабылданған. Сонымен қатар, мемлекеттік және жеке сектор қызметкерлері міндетті түрде киберқауіпсіздік бойынша оқудан өтетінін атап айту керек

Ал, Германия елі интернет-алаяқтықпен күресте «Digital Police» жүйесін дамытып, әлеуметтік желілерде белсенді түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Мұнда арнайы чат-боттар арқылы да фишинг әрекеттерін тануға көмектесетін жүйелер іске қосылған.

Суреттер ашық дереккөзден

• ҚҰҚЫҚ

Бейқамдық сан соқтырады

Қарағандыда сенбі күні кешкі уақытта екі кішкентай бала – төрт жастағы ұл мен бір жастағы қыз – өз үйінің ауласынан жоғалып кетті. Балалардың анасы бір сәтке ғана қаперсіздік танытқан. Полиция мен еріктілердің жедел әрекетінің арқасында балалар түн ортасында аман-есен табылып, отбасына қайтарылды.



Анда РАХЫМҚҰЛОВА, «Ortalyq Qazaqstan»

Алғашқы минуттарда әйел өздігінен іздестіріп көргенімен, нәтиже болмаған соң жедел түрде полицияға хабарласқан. Жоғалған балалар туралы ақпарат, олардың фотосуреттері мен сипаттамасы дереу барлық полиция бөлімшелеріне жолданды. Қаланың құқық қорғау органдары толық құрамда іске жұмылдырылып, іздестіру шаралары дереу басталды.

Іздеуге тек тәртіп сақшылары ғана емес, сондай-ақ, волонтерлер мен тұрғындар да белсенді қатысты. Олар әрбір аула мен көшені, саябақтарды, бос үйлерді, құрылыс алаңдарын тінтіп шықты.

Түн ортасында полиция қызметкерлері жоғалған балаларды үйден біршама қашық жерден аман-есен тапты. Балалардың жағдайы қанағаттанарлық, олар бірден медициналық тексеруден өтіп, денсаулықтарына ешқандай қауіп жоқ екені анықталды.

Құқық қорғау органдарының үйлесімді жұмысының, сондай-ақ, қоғам белсенділерінің жедел әрекетінің арқасында балалар отбасына дін аман оралды. Анасы мен туыстары тәртіп сақшыларына және барлық бейжай қарамаған жандарға шексіз алғыс білдірді.

Қарағанды облысының полиция департаменті ата-аналарды кішкентай балалардың қауіпсіздігіне әрдайым жігіт қоңіл бөлуге шақырады. Бір сәттік қаперсіздік қайғылы жағдайға әкелуі мүмкін екенін ескертеді.

Тұрғын үй бағасы тұрақтала ма?

(Соңы. Басы 1-бетте).

Оның айтуынша, қосымша шаршы метрге салық енгізу ықтималдығы коммерциялық тұрғын үйге елеусіз әсер етеді. Ал, әлеуметтік тұрғын үйдің құны тек бір жылдан кейін немесе бір жарым жылдан кейін ғана өзгеруі мүмкін. Сондай-ақ, салық тетіктері құрылыс материалдарының бағасының қалыптасуына айтарлықтай әсер етпейді.

Ал, Қазақстанның жылжымайтын мүлік федерациясының басшысы Ермек Мүсіреповтің айтуынша, 2024 жылдың жазына дейін жылжымайтын мүлік нарығында тоқырау болды, іс жүзінде ешқандай мәмілелер жасалмаған.

– Белсенділік төмендеді. Осы шағын тоқырау кезеңі өткеннен кейін нарық аздап жанданғандай болды, себебі «Отбасы банкі» тарапынан да, мемлекет тарапынан да ипотекалық кредиттеудің кейбір бағдарламалары енгізіле бастады. Алайда, бұл ипотекалық бағдарламалар халықтың көп бөлігіне арналмаған. Сондықтан, бұл жылжымайтын мүлік нарығына және шаршы метрдің бағасына әсер еткен жоқ. Баға 10-15 пайызға төмендеді. Мұны біз тұрғын үймен белгілі бір мәмілегер жасап жүрген қатысушы және куәгер ретінде айтып отырмыз. Шыныдығында, адамдарда 2024 жылы сайттар мен сату платформаларында көрсетілген потерлерді сатып алуға қажетті қаражат жоқ. Сондықтан, келіссөздер кезінде бағаның төмендеуіне қарай белгілі бір өзгерістер болды, – деді ол.

Оның сөзіне сүйенсек, 2026 жылы елімізде тұрғын үй бағасының біртіндеп өсуі күтілуде. Бұл өсім негізінен қосымша құн



салығы жеңілдігінің жойылуы, құрылыс материалдарының қымбаттауы және тұрғын үйге деген сұраныстың жоғары болуымен байланысты.

Қарағандыда үй қымбаттауы мүмкін

Жалпы, өнірде биыл 545,0 мың шаршы метр тұрғын үй ғимаратын пайдалануға беру жоспарланған. Бұл – 5 мыңнан астам пәтер. Осыған, тұрғын үй құрылысы жөніндегі жоспарды іске асыру үшін 4,3 млрд. теңге сомасында қаражат көзделген. Оның ішінде, республикалық бюджеттен бөлінетін 3,6 млрд теңге дайын жалға берілетін тұрғын үйді сатып алуға жұмсалады. Ал, облыстық бюджет бөлетін қалған 700 млн теңге тұрғын үйлерге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салуға жұмсалады.

Саралай келсек, Қарағандыда биылғы ақпан айында екінші на-

рықтағы (қолданыста болған) пәтерлердің орташа бағасы – шаршы метріне 377 930 теңге болды. Бұл көрсеткіш жылдық есептен 0,7% төмендегенін көрсетті. Ал, жаңа тұрғын үйлердің орташа бағасы қаңтарда шаршы метріне 499 983 теңге болды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 4,1% өскенін аңғартты.

Баға динамикасына сүйенсек, 2025 жылдың қаңтарында Қарағандыда екінші нарықтағы тұрғын үй бағасы 1,7% өсті. Ал, 2024 жылы Қарағандыда тұрғын үй бағасы керісінше 1,7% төмендеді.

Жалға беру бағасына келсек, Қарағандыда 2025 жылдың ақпан айында тұрғын үйді жалға алу бағасы орта есеппен шаршы метрге 4 349 теңге болды. Бұл көрсеткіш Алматы (шаршы метріне 5 480 теңге) және Астанамен салыстырғанда (шаршы метріне 5 130 теңге) төмен.

Банктер несие беруді бастады

Биыл да елімізде банктер ипотекалық несиелер беруді жалғастыруда. Уақытша шектеулер енгізген немесе бағдарламаларын қайта қарастыруға көшкен банктер де жоқ емес. Көптеген екінші деңгейлі банктер ипотека ұсынуды жалғастыруда. Мысалы, «Freedom Bank» және «Altyn Bank» ипотекалық өтінімдерді қабылдауды тоқтатпағанын мәлімдеді. Ал, «NurBank» және «ЦентрКредит Банк» қайталама нарықтағы пәтерлер үшін ипотека беруді бастады. «Jusan Bank» пен «Bereke Bank» ипотекалық бағдарламалар ұсынабайды. Еуразиялық банк ипоте-

каны тек «7-20-25» мемлекеттік бағдарламасы бойынша береді және қайта қаржыландырумен айналысады.

Krisha.kz мәліметіне сүйенсек, елімізде «Halyk», «Банк ЦентрКредит», «ForteBank», «NurBank», «Қазақстандағы Қытай банкі», «KZIBank», «Отбасы банк» жер үйге арналған ипотеканы мақұлдайды.

Бұл орайда бүгінде несие алуға бірнеше мемлекеттік ипотекалық бағдарламалар қолжетімді екеніне тоқталған жөн. Көпшілікке жақсы таныс «7-20-25» бағдарламасы – жаңа тұрғын үй сатып алуға арналған. Шарттары: 7% мөлшерлеме, 20% бастапқы жарна, 25 жылға дейінгі мерзім. Бағдарламаға бүгінде «Halyk Bank», «ЦентрКредит Банк», «ForteBank» және басқа банктер қатысады. Өткен жылғы қазандағы жағдай бойынша бағдарламамен 1 059,6 млрд. теңгеге 76 753 жаңа баспана рәсімделген.

Ал, «Наурыз» және «Отау» бағдарламалары әлеуметтік осал топтар үшін 7%-дан басталатын мөлшерлемен несие ұсынады. Бастапқы жарна 20%-дан, мерзімі 19 жылға дейін. Ресми деректерге сүйенсек, өткен жылдан бүгінге дейін «Наурыз» ипотекалық бағдарламасымен 7000 адам үй алды. Тағы 2000 адам үйлерін рәсімдеу барысында.

Мамандар сөзіне сүйенсек, «Наурыз» ипотекалық бағдарламасы аясында баспана аламын дегушілер үшін биылғы жыл қолайлы. Себебі, бастапқы жарна бұрын 20% болса, бұл талап 10%-ға дейін төмендетілді.

Елімізде банктер ипотека беруді жалғастыруда. Дегенмен, кейбір банктер уақытша шектеулер енгізген. Мемлекеттік бағдарламалар

арқылы да тұрғын үй алуға мүмкіндік бар.

Үйді қалай таңдаған дұрыс?

Сарапшылардың сөзіне сүйенсек, үй таңдағанда, ең алдымен, оның орналасқан жеріне мән берген жөн. Ас үйі тар ескі үйден гөрі, жаңадан салынған үй алған тиімді. Үйдің қаңқасы монолиттен салынса, жоғары бағаланады. Ал, қазір кей үйлерді темір аралас монолиттен салады. Монолиттен үй салу Қазақстанға 2000 жылдан бастап келген.

– Үй бәріне жетеді. Бірақ, үй алу киім алғанмен бірдей емес. Үй алған кезде әр адамның несие тарихы да, табыс көзі де жеке қаралады. «Қара тізімдемін, маған үй бермейді» деген ұғым жоқ. Несие тарихыңызды өшіріп тастай алмайсыз, бірақ, жұлып-шаюға болады. Мысалы, кейбір банктер алдыңғы төлем мерзімі 90 күннен асып кетсе де, тағы да несие беруге дайын. Несие тарихыңыз бұзылса, құрылыс компаниялары арқылы бөліп төлеу жолдарын қарастыруға болады, – дейді «Отбасы банк» кеңесшісі Айзада Жұмабекқызы.

Банк қызметкерінің сөзіне сүйенсек, құрылысы жүріп жатқан үйден потер алуы ойластырғандар қалай дегенде де тәуекелге барады. Құрылыс компаниясын таңдар кезде үш құжатқа мән беру қажет. Бірінші, сол жердің меншік иесі құрылыс компаниясы ма, соны білу керек. Екінші, құрылыс компаниясының потерлерді сатуға рұқсаты бар-жоғын анықтаған ләзім. Үшінші, сол жерге құрылыс жүргізуге әкімдіктен берілетін рұқсатнаманы сұрауы тиіс.

Суретті түсірген Жәңгелді ӘБДІҒАЛЫМ

• АҚЫН, КОМПОЗИТОР МӘДИ БӘПИҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 145 ЖЫЛ

Даланың дарабозы

Биылғы жылы ақын әрі әнші, композитор Мәди Бәпиұлының 145 жылдығы. Өз заманында Арқа төсін дүрілдетіп, өзінің тарпаң мінез, әділетсіздікке шыдамаған қайсарлығы үшін ноқтаға басы сыймай кеткен Мәди бабамыз жөнінде біршама кітаптар, зерттеулер жарық көрді. Олардың біразы әдеби туындылар болғандықтан, жазушының ойдан қосқан көркемдік тұстары да араласуы заңды құбылыс. Сол кездегі социалистік реализм, тап күресіне негізделген Кеңестік идеология шеңберінен авторлар шыға алмағаны түсінікті. Бір сөзбен айтқанда, қазақтың «Робин Гудын» жасау керек бол- ды. Сол себепті Әлжаппар Әбішевтің «Найзағай» романы, Әшірбек Бектасов жазған «Мәди» еңбегі көбіне қым-қиғаш оқиғаларға толы болды. Бас кейіпкер түн ішінде келіп, ауылды шауып, малға барымта жасап кеткен қарақшы есебінде суреттеледі. Соның нәтижесінде, жалпақ тілмен айтқанда Мәдиге «конокрад» деген жаман желеу тағылды.

Мәди Бәпиұлының өмірі мен шығармашылығы туралы біздің мақалаларымыз бар.

Мұның бәрі сол патша зама-

нында тізе батырған әлділерге кедейлердің жауап қатуы болып көрсетілді. Қақабай шұбартөс, шыңжыр балақ үстем тап өкілі болып шыға келді. Әдеби кітап- тардағы мұндай шарпыс түптеп келгенде кешегі Шаншар абыз ұрпақтарына абырой әкелмегені анық. «Ағайындар өзара қырық пышпақ болып жатыр» деген қаңқу сөздер тарады. Сондықтан, бүгінгі ұрпақ ондай біржақты бұра тарту- дан арылып, сол заманның ақ пен қарасын айыра білугі маңызды.

Жалпы Мәди туралы біршама толық әрі көлемді зерттеу макала- ны бірінші болып әйгілі өнер зерт- теуші, академик Ахмет Жұбанов 1944 жылы жазып, жариялағанын білеміз. Дәл осы жылдары Ахаң көптеген қазақ композиторлары, әнші, күйшілер жайлы зерттеу мақалалар жазып «Замана бүлбүл- дары» тәрізді көлемді кітаптар- ды жарыққа шығарған болатын. Сол танымдық мақалаларды жазу барысында Мәдилі де қамтымай кетпейді. Академик сол мақала- сында: «1913 жыл. Атбасардың маңындағы бір ауылда, отыздан жасы жаңа ғана асқан сұлу жігіт, аксұр беті аздап күнге тотыққан, бойы сұңғақ, дене бітімі аса көр- кем, аяғында көксауырланған етік, үстінде жанаша тіккен бешпет, домбырасын сұқ саусағының ба- сымен ғана шертіп, ән айтып отыр», деп бастайды да, әрі қарай «бұл болыс ағасы Қақабайдың приговорымен туған жерінен жер аударылған Арқаның атышулы ән- шісі, композиторы Мәди еді» деп жалғайды. Одан әрі ақынның қа- шан, қайда туғанынан бастап, тү- гел дерлік өмір жолын баяндайды. Ең бастысы, оның әндеріне өнер маманы ретінде талдау жасайды. Әсіресе, Мәдидің «Қаракесек» әніне баса назар аударады. «Бұл ән жер жүзіне тарды десек, асылық айтқаным емес. Біз тек осы әннің ерекше құрылымын, даму кезең- дерінің аса заңдылығын, форма жағынан айта қалғандай мүсін- ділігін, мазмұнында лирикамен қа- тар, терең драма жатқанын айтып кетпекпіз. Дауыстың ең төменгі регистрінде төмен жылжып баста- уының өзі бұрын-соңды қазақ ән- дерінде кездеспеген құбылыс. Тек Иманжүсіптің «Сарыарқасында» ғана осыған ұқсайтын бастау бар», дейді Ахмет Жұбанов.

Өнер майталманы Ахаң еліміздің батыс өлкесінің, Акто- бенің тумасы. Петерборда, Мәске- уде музыкалық білім алып, сол жақта жетілген. Одан кейінгі ғұ- мыры Алматының мәдениетімен тығыз байланысты. Ең қызығы, Қарқаралыға, Мәди туған Айрық пен Едірей өңіріне ешқашан та- бан тірмеген екен. Сонда зерт- теу мақаласындағы дереккөздерді қайдан алды дейсің. Бәрін көзімен көргендей, жіпке тізіп баяндайды. Біздің долбарлауымызша, үш адам Ахмет Жұбановқа Мәди жөнінде айтса керек. Алғашқысы Әшімбек Бектасов. Ол Шаншар елінің тума- сы, 30-жылдары Алматыда жоғары лауазымда қызмет атқарған. Ілгері- де айтқанымыздай, Мәди жөнінде ел ішінен деректер жинап, өзі де сол жолда ерен еңбегін сіңірген. Оған дәлел, 1963 жылы Қарқара- лыдағы Мәліксайда Мәдидің зиратына ескерткіш тас қойған. Ол өңір шежіресін түгендеуде де көп қызмет етті.

Екіншісі – Мұхамедәлі Толы- баев. Ол Мәдімен көп жыл үзең- гілес дос, пікірлес болған. Әрі түп арғы ата жағынан туыстығы да бар. Руы Құдайберді. Бүлбүл бабамыздан туған тоғыз ұлдың бірі осы Құдайберді. Шаншармен ағайынды. 1728 жылы Түркістан- нан Бүлбүлден ұрпақтарын Қаз- дауысты Қазыбек би Айрық, Арқа- лық, Едірей, Қу тауының ауқымды өлкесіне әкеліп орналастырғанда

Құдайберді руы Едірейден жер алған болатын. Бірақ, кейін ұр- пақтары өсіп-өніп, Қоянды жәр- меңкесі өтетін Токпан тауының ба- тысына, Балықтыкөлдің сыртында Қарқаралыға жақын маңайынан қоныс тебеді. Ал Қоянды жәр- меңкесі қанат жайған уақытта сол Құдайберділер жайлауға көшпей жатақ болып қалатын болған. Жәрмеңкеге сатуға әкелген малды бағуға жерлерін жалға беріп, өз- дерік жәрмеңкенің шаруаларын рет- теген. Халық арасында «Су сатқан Құдайберділер» деген де әзіл бар. Олар бөшкемен ауысу тасыған екен. Мұның бәрін тәптіштеп ай- тып жатқанымыз, Қарқаралыға жақын орналасқан осы Шаншар- мен туыс Құдайберді ауылына Мәди үнемі соғып жүреді екен. Оған басты себеп, сол Мұхамедәлі сері болатын. Ол өзі әнші, ақын, шежіреші, Абайдың өлендері мен ғибратты сөздерін жатқа білетін жан-жақты, талантты адам болып- ты. Міне, осы рухани әрі қандас дос Мұхамедәлі Мәдилі әрдайым құшақ жая қарсы алатын болған. Сол қайғылы күн, 1920 жылы 1 ақпанда Мәди Қарқаралыда окқа ұшар алдында осы Мұхамедәлінің үйіне қонып шыққан болса керек. Сонда Мәдиге «Қалаға бармай-ақ қойшы. Саған өшіккен дұшпанда- рың көп қой» деп бір пәленің бола- тынын білгендей ескерту жасапты. Оған бірбеткей Мәди көнбепті. Ал Мәдилі Мәліксайға жерлеген кезде Мұхамедәлі досына арнап жоқтау өлең жазып, оны «Үшқара» әнінің әуенімен домбыраға қосып ай- тып беріпті. Сол Мұханның кен- же қызы Гүлзипа Толыбаеваның қолымен көшірілген ән-жоқтау- дың мәтіні біздің қолымызда бар. Жалпы, Мәдилің жан досы Мұха- медәлінің қандай адам болғанын мына жайдан түсінуге болады. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпо- пееcың жазар алдында Тобықты- ның шежіре білетін 6-7 ақсақа- лың Алматыға алдырып, олардан ел ішіндегі әңгімелерді жазып алыпты. Сонда Қарқаралыдан осы Мұхамедәлі ағамызды 1934 жылы қоса алдырса керек. Қарт ақын бала-шағасымен Алматы- ге көшіп барыпты. Өзі 1936 жылы сонда қайтыс болады. Айта кету керек, оның немересі Мұрат То- лыбаев Қазақстанның еңбек сіңір- ген әртісі. Оның жуан дауыспен айтатын халық әндері қазақ ради- осының қорында сақтаулы. Мұха- медәлінің Алматыда Ахмет Жұба- новпен кездесіп, Мәдидің жайы жөнінде айтқаны даусыз.

Үшінші адам – Аждар Есмаған- бетұлы. Асан руынан шыққан бұл ағамыз жайлы бұрын білген жоқпыз. Академик Ахмет Жұба- новтың Мәди жөніндегі мақала- сының соңғы жағында ақынның қазасына қатысты, яғни, «Оны кім атты?» деген сұрақ туғанда: «Қа- палда тұратын Аждар Есмаған- бетовтің айтуынша, ол қандықол қарақшы Қарқаралыдағы ВЧК (чекистер) қызметкері Шумаков» — деп жазады. Сол Аждар ата- мыздың (1897-1993 ж) өленмен жазылған «Партыспен өткен ғұ- мыр» атты деректі шығармасы 2023 жылы ғана жарық көрді. Бұл құнды дүниені бүгінгі күнге жет- кізіп отырған сол Аждар атамыз- дың кенже қызы Риза апай қазір Қарағандыда тұрады. Жасы сек- сенді алқымдап қалған асылдың тұққымы бұрын Актоғай ауданын- да тұрып, бала-шағасын өсірген. Қартайған соң ақсақалымен еке- уін балалары қалаға алып келіпті. Әкесінің машинкаға басылған қолжазбасын қырық жыл бойы сақтап, ақыры кітап етіп басты- рып отыр. Ең бастысы – Аждар ақсақалдың Мәдилі көзімен көріп, біраз уақыт қасында болып, ән- гімелерін тыңдаған соңғы куә- гердің бірі болғанында. Біз бүгінгі мақаламызда жаңадан табылған

деректерді келтіре отырып, Мәди- дің төңірегіндегі жаңа әңгімелерді өрбітпекшіміз.

Қазіргі жас оқырман үшін Мәди Бәпиұлының өмір жолы, ата-тегі туралы айтқанымыз жөн болар. Ол 1880 жылы наурыз ай- ында бұрынғы Қарқаралы дуа- нына қарасты Едірей болысының Айрық деген жеріндегі Үшқара та- уының бауырында дүниеге келген. Бәпидің қорасының орны Үшқа- раның шығысында орналасқан. Одан 20-40 метр жерде Шәпидің қонысының орны бар. Бұл аймақ қазір Қарқаралы ауданының Мәди селолық округі деп аталады. Жал- пы Айрық деген алқап ұзыны мен көлденеңі 20-30 шақырым бола- тын жазық дала. Оңтүстік-шығы- сында Едірей тауы, оңтүстік-ба- тысында Арқалық, батысында Бабалы, солтүстігінде Қалмакқы- рылған, шығысында Үшқара. Ба- уыр Бошан елі жайлаудан қайтып, күзекте осы алқапта отырып, қы- стауларға тарайтындықтан бұл жер Айрық, яғни, жолайрық бо- лып аталған екен. Міне, осы кең өлкеде бір кезде Мәди сері сайран салған.

Ақын Мәди: «Арғы атам – әу- лие өткен Ер Қазыбек» деп жы- рлағанындай, бабасы осы Орта жүздің төбе биі болғанын білеміз.

Мәди Қаздауысты Қазыбек бидің тікелей бесінші ұрпағы еді. Сол текті әулетті жалғаған Бек- болат-Тіленші-Алшынбай үлкен аталары болатын. Алшынбай- дың бәйбішесінен Жүсіп мырза (Ділданов әкесі), тоқалдан: Қақа- бай, Бипау, Қосық, Шәпи, Бәпи туған. Қақабайдың бәйбішесінен Мәшрап, Айғожа, тоқалынан Ай- мағанбет, Ермағанбет, Ахметбек, Рақымбек, Құлмағанбет тарайды. Алшынбайдың бір баласы Бәпи екі әйел алған адам. Бәйбіше- сі Әнипадан (шын аты Әнапия) Мәди жалғыз еркек кіндікті және екі қарындасы Ұркия мен Мәпіш (Маһфруза) туған. Бәпидің кіші әйелі Майжүректен Бейсенбек, Дүйсенбек деген ұлдар, Рахима, Мәмпасия, Шәкітай дүниеге кел- ген. Мәдидің анасы Әнипа Абыра- лыдағы Жалықпас руының Бітібай деген адамның қызы. Бұл да бір текті әулет. Бітібайдың ағасы Шы- ныбай патша заманында 18 жыл үздіксіз сайланған қазы болған, әділдігімен ел аузында қалған адам болған. Сол себепті Мәдидің бала күнінен әділдікті жақтауы нағашы жұрттан бола керек.

Мәдидің өзі де екі әйел алған, екеуі де Қаракесектің қыздары. Бәйбішесі Қази болса Бауыр Бо- шан ішінде Сәдібек руынан, оның әкесі Бекет Тоқайұлы Едірей бо- лысында қоныстанған. Екінші әйелі Динаның руы Асан. Оның әкесі Бейсенқұл Нұрсейітұлының қыстауы Үшқараға жақын қоныс тепкен. Өкінішке қарай, осы екі жұбайынан да Мәди ұрпақ көрмей өтті. Осындай дара туған өзі ақын, әнші, палуан, ат құлағында ойнай- тын жылтым, қамшыгер, өз киімін өзі пішіп тігетін шебер, ақ киім киіп, ақ боз ат мінетін сері жігіттің соңынан ұрпақ қалмағаны, әрине, өкінішті. Оның екі жұбайы да үріп ауызға салғандай өте бәден- ді болған деседі. Ондай сұлулар далада қала ма? Мәди бакилық болған соң оның жұбайына әмен- герлік жолмен Қақабайдың бала- лары үйленген көрінеді. Қазиды – Айқожа, Динаны – Рақымбек алып, бірнеше перзент сүйіпті.

Сонымен, жоғарыда Алшын- байдың ұлдарының бірі Бәпи мен Әнипа шаңырағында Мәди есімді ұл дүниеге келді деп едік қой. Ол уақытта Алшынбай қайтыс бо- лып, бәйбішесі Мәжден жалғыз қалған екен. Ұлы Жүсіптен туған Ділде немересі Құнанбай ауылы- на ұзатылып кеткенін білеміз. Осылай жалғызсырап жүрген- де Әнипа келіні ұл туды дегенді



естіп, оның есімін «Мәди» деп өзі қойып, бауырына салып алады. Ол уақытта үлкендердің айтқа- ны заң. Сол шілдеханаға Мәжден әже тай сойғызады. Осы тойдың үстіне сапарлап келе жатқан Най- ман елінің Айғыржал болысы- ның Әмірзақ деген биі келіп, осы ауылға қонақ болған екен. Содан құтты қонақ болдың деп Мәжден әже құда болайық деп жармасады. Сөйтсе Әмірзақтың Нұрилә есімді жалғыз қызы 9 жаста екен. Ал- шынбайдың бәйбішесі қоймаған соң екеуі құда болып, Мәди мен Нұриләны атастырады. Қалың малын беріп жібереді. Күндердің күнінде Мәди 10-ға келгенде Әмірзақ би сәлем айтып, қызының 20-ға келгенін, енді қалыңдықты алып кетуді өтінеді. Ол уақытта Мәжден әже бақилық болған еді. Содан Қақабай Әмірзақ биге өзі барып «Бала жас, қызыңыздың басы бос» деп бұрын берілген қал- ын малды жасырып алып келеді. Мұны Мәди білмейді. Кейін 20-ға толған соң, Мәди әжесі атасты- рған қалыңдығын іздейді. Сөйтсе, оны тұрмысқа беріпті. Ендеше қалың малдың қайтарымы деп Мәди Әмірзақтың жылқысын ба- рымталайды. Би Қақабайға сәлем жолдап, малын сұрайды. Содан Қақабай қаһарына мініп, Мәди- ге жылқыны қайтар деп кіжінеді. Бірақ Мәди өз айтқанынан қайт- пайды. Міне, Қақабай мен Мәди- дің араздығы осы тұстан бастала- ды. Содан Әмірзақ би Мәдиге өзі келіп, «Бұл үлкендердің жасаған шаруасы еді» деп кешірім сұрап, жағдайды түсіндіреді. Мәди оның жылқысын қайтарып беріп, соңынан сол ауылға сал-серілерін ертіп, қонаққа барып қайтады. Сол топтың ішінде Бауыр Бо- шанға танымал әзілшек Мауқай да болған екен. Бұл оқиға жоғарыда біз айтқан Аждар Есмағанбетұлы- ның кітабында жазылған.

Аталмыш еңбектегі тағы бір тың дерек Мәди мен Нығмет Нұрмаков арасындағы қарым-қа- тынас жөнінде. 1918 жылы Кол- чактың уақытша Үкіметі Сібір қазактарының күшімен сонау Пе- тропавлдан бастап солтүстікте- гі, шығыстағы қалаларды басып алып, жаңа құрылған совдептерді қамап қояды. Солардың қатарын- да Қарқаралы совдепін басқарған Н.Нұрмаков та түрмеге түседі. Осы кезде Мәди де қамауда болса керек. Сонда жатып «Достарым, біз отырмыз абақтыда» деген 9 шумақ өлең жазады:

Жақсы інім, Нығметім,
қыран құсым,
Мәңгіге өлмеуі хақ,
ұранды ісін.
Күн туып, жендеттердің
торы қирап,
Соңына еліңді ертіп,
тұрармысың,

– деген бір шумағы бар. Мәди өзі Айбике-Шаншар, Нығмет Нұр- бике-Шаншардан тарайды. Осы туыстық көңілмен жазылған өлең- ғой деп ойлайтын едік бұрын- да. Енді Аждар атаның кітабын

оқығаннан соң екі тұлғаның та- ныстығы, достығы қайдан шыққа- нын білдік. Ол былай болған екен.

Мақаланың басында, 1911 жылы Қақабай болыстың таққан жаласымен Мәди 5 жылға Атба- сарға жер аударылғанын айтқан едік. Жер аудару, әрине абақты емес. Алайда, кешегі сайрандап жүрген дала серісінің туған жері- нен кетуі Мәди үшін үлкен опа- сыздық іспетті. Сол жақта ықпал жүргізген Омар бимен және Аман- бай деген болыспен танысады. Аманбайдың руы Қыпшақ, бірақ нағашылары Қаракесек болса керек. Мәдилі нағашы деп сыйлап, құрмет тұтады. Қысқасы, Аман- бай Мәдилі Омбыға апарып, таны- старын салып, оның ісін қайта қа- ратады. Сөйтсе оны жер аударған кезде бағана біз айтқан Найман еліндегі Айғыржал болысының адамдары малымызды ұрлады деп шағым жасапты. Сол арыз не- гізінде Мәди жер аударылған. Ал ол уақытта бір болыстың қазғын кінәлауға басқа болыстың адамда- рының құқы болмаған. Омбыдағы сот қызметіндегілер осындай заң- сыздық тауып, Мәдилі 1915 жылы көктемде 6 ай бұрын ақтап, боса- тып жібереді.

Сонда орыс тіліндегі құжат- тарды жазуға сол жылы Омбы мұғалімдер семинариясын бітіріп жатқан Нығмет көмектескен екен. Елге келген соң екеуінің достығы одан сайын нығая түскен. 1915 жылы күзде Нығмет Зүфнүнге сөз салғанда, оның әкесі Ыбы- рай Ақбаевқа Нығметтің туысы ретінде Қу болысының басшысы Ақайдың Хасені бас құда болып барыпты. Сол тойға Мәди де сал- серілерімен барып, думандатса ке- рек. Бұдан кейін де олар кездесіп, жиі пікірлесіп тұрды.

Енді біз дерек алып отырған кітаптың авторы Аждар Есмаған- бетұлы Мәдилі қайдан біледі де- ген сұраққа келейік. Жоғарыда біз Мәдидің 1915 жылы көктем- де жер аударылған себебі қолдан жасалғанын Омбыда дәлелдеп, мерзімінен жарты жыл бұрын елге қайтқанын айттық. Оны кері қай- тарғанда Омбының губерниялық бақылаушысы Керекудің манын- дағы істі болған орыс жұмықтары тұратын Славгород деген шағын қаланың комендантының қара- мағына жіберіп, одан әрі оны еліне қайтаруды міндеттейді. Мәдидің қолында «Алшынбаев ісі 1915 жылдың 15 наурызынан қысқартылсын, өзі босатылсын» деген губерниялық тергеушінің қаулысының мөр басылған бір да- насы болды. Керекуден Үшқараға хат жазып, өзін қарсы алуға бір- екі жігіт жіберуді сұрайды. Бұл хабарды естіген туыстары, әсіре- се анасы Әнапия қатты қуанады.

Ал Мәдилі қарсы алуға ат жетек- теп шыққан екі жігіттің бірі осы Аждар Есмағанбетұлы болатын. Ол уақытта Аждар 18 жастағы күші тасып тұрған бозбала екен. Әрі тоғыз жасынан домбыра, гар- монмен ән айтып, Қарқаралыдағы

ән байқауына қатысып, жүлде алған серінің бірі болыпты. Содан не керек, Мәдилі Керекуден қар- сы алып, ол жақта оны білетіндер той жасап шығарып салады. Жол бойы Мәди Қараөткел мен Атба- сардағы басынан кешкен оқиға- ларды айтып, қалайша мерзімінен бұрын босағанын егжей-тегжейлі баяндап береді. Оның өз аузынан естігендерін осы кітапқа негіз етіп алған. Бұдан кейін де Аждар әнші ретінде Мәди қазаға ұшы- рағанша қасына еріп жүрген.

Жоғарыда А.Жұбановтың мақаласында айтылғандай Аждар Есмағанбетұлы Қапалда қай- дан жүр дегенге келейік. Айрық қайда, Қапал қайда? Ол былай болған. Мәди оққа ұшқан соң елде болған қуғын-сүргіннен қашып Аждар Спасскі зауытына жұмысқа тұрып, одан соң Омбыға кетіп қалады. Бірақ ол жақта мұны біреулер көрсетіп, «Алашорданың тыңшысы» деген айыппен Ворку- таға істі болып айдап жібереді. Тек соғыстан кейін ғана босап, Алматыдағы туған нағашысы Қа- ныш Сәтбаевқа барады. Қаныш аға оны 9 айлық бухгалтерлік курста оқытып, елге жібермей Алматыға жақын Қапал қаласына есепші қызметіне орналастырады. Осында зейнетке шыққанша жұ- мыс істеп, сосын Павлодар облы- сына көшіп, кейінірек Екібастұз қаласына қоныстанады.

Енді басты сұрақ – Мәдилі атқан кім дегенге келейік. Осы уақытқа дейін барлық кітаптар- да ол Андрей Жасанов деп келді. Шын мәнінде олай емес. Бірін- шіден, Жасанов сол 1920 жылы Қарқаралыдағы милицияның ба- стығы болып қызмет атқарған. Кеңес Үкіметінің өкілі. Жаңа ғана билік басына келген комму- нистердің бірі, милицияның ба- стығы тал түсте, жұрттың көзінше Мәди сияқты тұлғаны атып таста- уы ақылға сыймайды. Халықтың сеніміне енді кіре бастаған боль- шевик былай әрекет етпеуге тиіс.

Екіншіден, милицияның ба- стығы конвой бола ма? Мәдилі көшеде алып келе жатқан конвой желкеден атты деп келдік қой. Шынында Мәдилі солай атқан, бірақ күндіз емес, түнде. Оны аң- дып жүріп, солай істеген «ВЧК қызметкері Василий Шумаков» дейді кітап авторы. Және оның Мәдилі аңдып, қастандық жасаға- нын түсіндіреді. 1918 жылы ақтар қашып, қызылдар қуғанда олар Арқаның үстімен Қытайға қарай ұмтылды ғой. Сондай бір ақтар тобы Үшқараға келген екен. Мә- дидің жігіттері оларды үйлеріне қондырып, боза ішкізіп мас қыла- ды. Сосын қатты ұйықтап жатқан- да бас салып байлап, қарулары мен аттарын тартып алып, өздерін жаяу айдап, қызылдардың қолына тапсырады. Бірақ, бір поручик ай- ласын асырып, қашып кеткен. Сол осы Шумаков екен. Сол жолы Мә- диді жақыннан көріп танып алған. Өзі қазанның қасынан ұйы- мының мүшесі болған. Жалған құжатпен ВЧК-нің қатарына еніп кеткен тәрізді. Айтпақшы, боль- шевик Жасанов 1920 жылы сәуір айында Қарқаралыда жиын өт- кізіп жатқан 78 коммунисті Сібір- ден қашып келе жатқан казак отряды қоршап алып, қырып са- лады. Кейін анықталған сол құр- бандардың тізімінде ол да бар.

Егіндібұлақ пен Қарқаралыға танымал Сұңғат Нығметжанов ағамыз бір естелігінде Мәди- ді атқан ВЧК қызметкері дейді. Себебі, сол қырғынға ұшыраған 78 адамның аты-жөнін, қыз- метін анықтау үшін 1988 жылы құрылған комиссияның анықта- масында Мәдиге қастандық жа- саған милиция емес, ВЧК қыз- меткері деген қорытынды берілген екен.

Міне, дархан даланың дарабоз Мәдінің 145 жылдығына орай жазылған газет мақаласы осындай. Ол туралы қанша жазса да, арық етпейді. Бірақ, бір мақалаға сый- дырған деректеріміз осы болды.

Серік СЕКСЕНҰЛЫ,
Қазақстанның
Құрметті журналисі,
«Құрмет» орденінің иегері

Сурет автордың мұрағатынан

• ТАҒЫМ

Қайран Қалақан!

Өмір дегенің – бар мен жоқтың арасында бұлдыраған бір кезең ғана екен-ау! Ерте кездегі адамдардың «бүгін барсын, ертең жоқсын» деп отыратыны соның айғағы болса керек. Туралығында солай да ғой, тап осы мезетте көз алдында жалт еткеннің ендігі бір сәтте қарақөленкелікке айнала беретіні шындықтың қақпасын айқара ашып тастары анық. Олай болса, естеліктердің өзегін үзіп алмауға тырысқанымызды көкірек айнасын жаңғыртқанымыз деп ұққанымыз жөн шығар.

Осыған сайысақ, өткен мен кеткеннің аралық айқындығына үңіле отыра, Қалақанның да тіршілік айдынын-да сап түзгенін, сол кісінің тәлім-тәрбиесін көргенімізді көңілімізге құт санаймыз. «Қалақан» деп отырғаным – Қалиакпар Әбілдин.

Жаңарқаның аптал азаматтарының бірі де бірегей. Жұрт алдында сыйлылығы өз алдына, ақындығымен көш бастаған абзал тұлға. Көп жыл аудандық «Жаңарқа», «Новая степь» газетінің редакторы қызметін атқара жүріп, ауданның рухани әлеміне өлшеусіз үлес қоса білген жан. Кейіннен облыстық газеттерде меншікті тілшілік қызметте болып, ал зейнет демалысына шыққанында шығармашылық қуатын барынша еселеген ағамыз.

Біз бір атаның балаларымыз. Нақ тұғырға үңілсек, тарихи тұлға Нияз батыр – Нияз аталыққа жиен болып келеміз. Қарындасын Медет пен Қуат атты екі баласымен Жаңаарқа жеріне көшіріп алып, айналасына «Енді бұлар жекжат емес – туысқандарың, сондықтан бөлмендер, бауырларыңа тартыңдар» деп өсиет қалдырғаннан кейін шығар күні кешеге шейін шежіреде «Сайдалы – Барқы – Нияз – Қақсал» болып таралғанымыз белгілі. Тек, түп шындыққа жүгінгендіктен Шегендік ата тармағына оралғанымызды жасырмаймыз. Жаңаарқа жұрты әлі күнге Ниязға теліп отырады. Арғы басы Ақтау тауының бір алқабында жатқан «Қақсал асуы» деген жерге, бергі етегі «Қақсал бидайығы» деп аталатын көкорайға ат байлап, қоныс құрғанымызды алға тартқандығынан, әрине.

Және бір зердеге тоқитын жәй – Шұлғау молда деген өңірге белгілі адамның үйінен табылған, оның нұсқасын молданың күйеу баласы Омаров Шұғайдың кенжесі, құрдасымыз Сапардан көрген сол замандағы көзі ашық саналатын төрт адамның өткен ғасырдағы жазба қорытындысын жариялаған, ғасыр адамы аталған Темірғали Көкетеаевтың ағасы (есімін есіме түсіре алмай отырғаным) 1970 жылдары кирилицаға түсірген шежіресіндегі «Шегендік қайтқаннан кейін Қақсалдың шешесін әменгерлік жолмен Қуандық алған, одан Алтай, Қарпық туған» деген деректі оқығанда таң қалғанымыз жасырын емес. Әрине, бұл деректі өз басым нақтылыққа сайымаймын, әйткенмен оны шежірешілер, ғалымдар келешекте өз пайымына салар деп үміттенемін.

Иә, нелер заманда енпісі бөлінбеген қазақ жұртында зерделесен толғар өңгіме, таратар хикаяттар көп қой. Соған сәйкес ұзын-ырғақты желіге түспей қысқа қайырсақ, біздің Жаңаарқа топырағына тұрақтауымыздың негізгі сырын осы тұстан іздегендер есте қателеспейді. Осы орайда, сырқаттанып жатқанында Қарағандыдағы ауруханаға соққанымда: «Төкен, қолың ұзындау ғой, Жаңаарқадағы ағайын балалары жадына тоқып жүрсің, бір шежіре шығарып ұсынышы. Бұл келешекке керек», – деп қолқа салғаны бар-ды. Қалақанның бұл өтінішін орындадым да. Тек, сол еңбекті ол кісі көре алмай кетті. Қыркы беріліп жатқанда Алматыдағы бір баспадан жарық көріп, ас үстінде жұртқа таратылды. Әрине, асығыстау жарияланғандықтан кейбір туысқандардың кітапшадан тысқары қалып қойғаны бар шығар. Сөйткенмен, әйтеуір бұл жазбаның болашақ ізденіске нұсқа болып қалары даусыз.

«Медетім, Қуатым – таусылмайтын суатым» дейді екен өз уақытындағы жұрт аталарымыздың мерейін аспанда-тып. Мұны Қалақанның бәйбішесі Акбо-



рық жеңеміз де жиі қайталап отырушы еді. Міне, сондай аталардың жалғасы Қалақанның да өз ортасына сыйлы болғанын жоғарыда айттым. Сонымен қатар, тіршіліктегі бейберекеттік, қым-қуыт жағдайлардан да тысқары жүргенін мойындағанымыз абзал. Тіпті, тұрмыс тауқыметінен адалығына мына оқиға дәлел.

Бірде аудан орталығына соққан алыстау жақта тұратын бір жора-жолдастары олай-былай сабылып, Қалақанның үйін таба алмаса керек. Атшаптырым қоралардан, оның төбесіне үйілген шөптерден арғы-бергіні болжау деген мүмкін емес қой, енді не істерлерін білмей дағдарғанда әлдекім: «Қалиакпардың қолға мал ұстағанын кім көрген, біз шөбі жоқ қора іздейік» деп жөн сілтепті. Сөйтіп, шөптен ада бір кішігірім қорасы бар үйді тапқандарында адасапағандарына көз жеткізісіпті. Мұның өзі күйбен тірліктен алшақ тіршілік кешкенінің бір нышаны шығар.

Ағамыз ақын болатын. Ақындығына сәйкес аңғалдығы да жетерлік еді. Содан да шығар үлкендермен қалай қарым-қатынас жасаса, жастармен де аралас-құраластығы бір үзілген емес. Бәріне қамқорлықпен қарайтын, кім-кімге де қамқор болып жүруге тырысатын. Сол кезде ауданда аты аталған, көзге көрінген шығармашылық жастардың жазғандарын газет бетіне жариялаумен қатар, оларға деген сенімін жоғалтпағаны, жастардың өсуіне игі ықпал еткені күні кешегідей. Болат Асанов, Аамандық Рахов, Ғалым Жайлыбаев, Мағжан Садыханов және басқа да таланттардың көктемгі жауқазындай дүр етіп бой көтергені және аудандық газет қабырғасынан түлегені бұл сөзімізге дәлел.

Ол кезде біз де жаспыз. Қылтың-сылтыңымыз бастан асады. Жұмыстан кешігіп, немесе басқаша жағдаймен жұмыс орнынан қара үзіп қалған шағымызда

өзімізше монғансып, неше түрлі сылтауларды тізбектей ертеңіне редактордың алдына барғанымызда Қалақан бас-аяғымызға сынай қарап отырып мырс ететін. Сөйтетін де: «Шырақтарым, бүгін айтып, ертең ашылып қалатын өтіріктеріңді әзірге жынып қойсаңдар етті. Мен он жылдан кейін ғана ашылатынына сенейін, ал қазір жұмыстарыңды атқарыңдар», дейтін. Ұяла-ұяла жұмыс бөлмесіне қарай жөнелетінбіз. Біздің редактор осындай адам болатын.

Қалақанның жақынға деген пейілі де ерекше еді. Туыстың, дос-жаранның қызық-қуанышынан қалыс қалғанын ешқашан да байқамаппын. Кішіге үлкен, үлкенге кіші бола жүріп, ешкімді жатырқамастан аралас-құраластықтың әдебін жариялаудан бір жалыққан жан еместі. Мұның өзі сыйластықтың қашан да игілікті екенін танытып тұратын. Міне, ағамыздың осы мінезін, осы қасиетін ұлдары Еркемұрат, Нұрлан, Әбіл бойынан көретінім көңілге қуаныш ұялатады. Төл басы Гүлнар бастаған қарындастарымыздың да ізгілікке жақындығы сүйсінтпей қоймас-ты.

Мені осы күнге шейін бір өкініш мазалайтынын да жасырғым келмейді. Ақанның – Ақборық жеңгеміздің кейіндегі айтуынша, ауруханадан шығып, Әбілдің үйіне келгеннен кейін Қалақан «Төкенмен хабарласуым керек еді» депті алабұрға. Сәлден кейін алдыға ас келіп, «Сәл тынығып алайын, сонсын хабарласармын» депті өзін-өзі жігерлендіре. Бірақ...

Ас ішіліп, сәл тынықпаққа диванға қисайған ағамыз көзі ілініп еткен қалпында жүріп кетіпті.

Не айтмақ болды екен?..

Төкен ӘЛЖАНТЕГІ,
жазушы, Халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының иегері

• ИМАН

Аллаға жағам десең...

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының 35 жылдық мерейтойы аясында Қарағанды қаласында дәстүрлі VI республикалық «Әдемі әуезді азаншы» байқауы өтті. Еліміздің түпкір-түпкірінен жиналған азаншылар қасиетті діни дәстүрдің бір тармағы – азан шақыру шеберлігі бойынша бақ сынасты.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқаудың негізгі мақсаты – мұсылман қауымы үшін аса маңызды саналатын азан шақыру рәсімінің мән-мағынасына тоқталып, жас буынға рухани құндылықтарды насихаттап, діни қызмет сапасын арттыру. ҚМДБ ұйымдастырған бұл шара ел ішіндегі діни бірлікті, көркем мінез бен әуезді үн мәдениетін қалыптастыруға негізделген.

Қазылар алқасының құрамында елімізге белгілі өнер тұлғалары, дінтанушылар болды.

Рухани байқаудың жүлде қоры да бай мазмұнымен ерекшеленеді. Бас жүлдеге – 800 мың теңге, одан кейінгі орындарға тиісінше 600 және 400 мың теңгеден үлестірілді. Ынталандыру жүлдесі мен көрерменнің көзайымына да бөленген жандар елеусіз қалмай, ар-

найы қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

Қазылар шешімімен бас жүлде Астана қаласының азаншысы Базарқан Қайнарға бұйырды. Екінші орынды Батыс Қазақстан облысынан келген Асхат Асылбеков алса, үшінші орынды Алматы қаласының азаншысы Баубек Берліғалиұлы иеленді.

Сондай-ақ, Атырау облысының атынан қатысқан Саламат Насихатұлы мен шымкенттік Асылтемір Абдулла ынталандыру сыйлығын қанжығалады. Ұлытау облысынан келген Сағындық Ахмедиянов көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп, «Көрермен көзайымы» атанды.

Жеңімпаздарды салтанатты түрде марапаттаған ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы

байқаудың мән-маңызына ерекше тоқталып өтті.

– Азан – Ислам мәдениетінің символы, мұсылман қоғамының рухани тірегі. Әдемі үнмен азан шақыру – Хакты еске алудың ең көркем жолы. Бұл байқау халқымыздың діни сауатын арттыруға, имандылықты насихаттауға бағытталған маңызды іс-шара. Жастардың осы өнерге деген ықыласы мен шеберлігі көңіл қуантады, – деді бас мүфти. Жалпы, бұл дода ел ішіндегі діни қызметкерлердің өзара тәжірибе алмасуына, бір-бірімен сабақтастық орнатуына сеп болды. Ұйымдастырушылар байқаудың келесі жылы да өз жалғасын табатынын жеткізді.

Сурет ҚМДБ сайтынан алынды



ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» (далее КТ) объявляет о проведении внеочередного общего собрания участников, которое будет проведено в 10.00 ч. 15.08.2025 года очным путем в г.Караганда, ул. Сатыбалдина, 29/2, БЦ «Максат».

Повестка:

О предоставлении в залог автотранспортного средства марки Mitsubishi ASX, рег.№ 732AC09, 2021г.в., принадлежащее КТ, в качестве обеспечения исполнения обязательств КТ перед АО «Аграрная кредитная корпорация» по Рамочному соглашению об открытии кредитной линии № 364-КГФ-КТ11 от 28 апреля 2016 года, в связи с увеличением кредитной линии, с правом на судебную/внесудебную реализацию.

№141

Техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі Сантай Сулейменович Жетесов академик Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дың «Машина жасау технологиясы және стандарттау (ТОМиС)» кафедрасына әрі өзге мамандықтар бойынша ҰБТ-дан сәтті өткен талапкерлерді оқуға қабылдайды (бакалавриат, ғылым магистрі, PhD докторантура деңгейлері бойынша). Байланыс телефоны: 8 701 521 4310. Асығыңыздар! Уақыт шектеулі. Әскери кафедра бар.

Лицензия № KZ45LSAA00032371, берілген күні: 07.04.2022 ж. Берілген ұйым: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті тарапынан, лицензия иесі – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» KEAQ.

Бірінші оқу корпусындағы қабылдау алқасына хабарласыңыз.

№284

Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Теміртау қаласының көпбейінді ауруханасы» КМК директоры бос лауазымына орналасуға конкурс туралы хабарландыру

Бейсенбі, 31 шілде 2025 жыл

Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Теміртау қаласының көпбейінді ауруханасы» КМК бақылау кеңесі Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Теміртау қаласының көпбейінді ауруханасы» КМК (бұдан әрі - кәсіпорын) директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

Конкурсның өтетін орны: Қазақстан Республикасы, 101400, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Чайковский көшесі, 22 ғимарат.

Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 101400, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Чайковский көшесі, 22 ғимарат, кабинет: кәсіпорын директорының міндетін атқарушы, байланыс телефоны: +7 702 509 88 82; электрондық пошта: cb-temirtau.kz

Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы:

Кең ауқымды ауруханалар мен мамандандырылған ауруханалардың қызметі.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

- «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары білім, «денсаулық сақтау менеджменті» («Қоғамдық денсаулық сақтау») мамандығы бойынша біліктілікті арттыру (қайта даярлау) сертификаттау курсынан өткені туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік беру туралы куәлік (немесе сертификат); не «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары білім, жоғары оқу орнынан кейінгі білім «Денсаулық сақтау» немесе «бизнес және құқық» немесе EMBA немесе full-time (Фултайм) дәрежесін дайындау бағыты бойынша; немесе «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары білім және «денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе EMBA немесе full-time (Фултайм)дәрежесі;
- Денсаулық сақтау саласындағы ме-неджер сертификаты;
- басшы лауазымдардағы жұмыс өтілі

кемінде – 2 жыл.

Кәсіпорын директорының негізгі лауазымдық міндеттері:

- Денсаулық сақтау ұйымының өндірістік, қаржы-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, қабылданатын басқарушылық шешімдерге, ұйым мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне жауапты болады.
- Ұйым қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тетігін айқындайды. Көрсетілетін диагностикалық, емдеу және профилактикалық көмектің тиімділігі мен сапасын одан әрі арттыруға, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған персонал жұмысының жаңа ұйымдық нысандары мен әдістерін енгізуді және қолданыстағыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді.
- Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді, олардың іс-қимылдарын

көрсетілетін медициналық қызметтерді дамытуға және жетілдіруге бағыттайды.

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуына және өз тарапынан және оған бағынышты тұлғалардан сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға дербес жауапты болады.

– Ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану, өмір мен денсаулық үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық атмосфераны қалыптастыру жөнінде шаралар қабылдайды. Ұйымның қызметін талдау және оның жұмыс көрсеткіштерін бағалау негізінде ұйым жұмысының нысандары мен әдістерін жақсарту үшін қажетті шараларды қабылдайды. Әлеуметтік әріптестік қағидадары негізінде ұжымдық шартты эзірлеуді, жасасуды және орындауды, еңбек тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді, қызметкерлердің еңбек уәждемесін, бастамасы мен белсенділігін дамытуға

ықпал етеді.

– Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайларды зерделеу және бағалау жөніндегі жұмысты үйлестіреді, адам денсаулығына қолайсыз әсер етудің басым факторларын айқындайды. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту бойынша пәрменді шаралар қабылдайды.

– Гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шаралардың жүргізілуіне, санитарлық ережелер мен нормалар мен гигиеналық нормативтердің сақталуына жедел және зертханалық-аспаптық бақылау мен қадағалауды ұйымдастырады.

– Медициналық этика талаптары, ұйым қызметіндегі, оның ішінде қаржы-шаруашылық басқару, шарттық және қаржылық тәртіпті нығайту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу мәселеріндегі заңдылықты сақтауды қамтамасыз етеді.

– Қызметкерлерді қабылдауды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады. Шарт-

(Жалғасы 7-бетте)

(Соңы. Басы 6-бетте)

тар жасасады, жеке және заңды тұлғалармен мәмілелер жасайды. Өз құзыретіндегі мәселелер бойынша барлық қызметкерлер үшін міндетті өкімдер мен бұйрықтар шығарады.

– Мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және сотта ұйымды білдіреді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібінің талаптарын, аспаптарды, жабдықтар мен механизмдерді техникалық пайдалануды, өртке қарсы қауіпсіздікті, еңбек қауіпсіздігі мен қорғауды, санитарлық-эпидемиологиялық режимді сақтауды қамтамасыз етеді. Ұйымның уақытылы есеп беруін қамтамасыз етеді.

– Ядролық медицина саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымының басшысы (директор немесе бас дәрігер) үшін (қосымша):

– Тиісті фармацевтикалық практика стандарттарына сәйкес фармацевтикалық жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ету процесін ұйымдастырады және бақылайды.

– Радионуклеотыптық зерттеулер, Радионуклидтік терапия, радиофармацевтикалық дәрілік препараттар өндіру көлемін жоспарлайды.

– Өндірістегі тәуекелдерді талдауды бақылайды және өндірілетін радиофармацевтикалық дәрілік препараттардың сапасына шолу талдауын жүргізеді.

Білуі керек:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексін, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Қазақстан Республикасының Тілдер туралы заңын», «Өрт қауіпсіздігі қағи-

даларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығын (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26867 болып тіркелген);

– қазіргі басқарушылық қызметтің стратегиялық және ұйымдастырушылық аспектілері;

– Денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлы-экономикалық және қаржылық қызметінің негіздері;

– басқарудың экономикалық әдістері және ұйымның қызметін талдау; медициналық қызметтер нарығының конъюнктурасы;

– Денсаулық сақтау саласындағы адам ресурстарын басқарудағы үздік тәжірибелер; халықтың денсаулық жағдайын сипаттайтын Статистика, өлшемдер мен көрсеткіштер;

– отандық медицинаның заманауи ғылыми жетістіктері, денсаулық сақтауды басқарудағы үздік халықаралық тәжірибе; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі қағидалар мен нормалар;

– Төтенше жағдайлар кезіндегі қызметті ұйымдастыру.

Конкурс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № ҚРДСМ-58/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органының немесе республикалық атқарушы органы басшысының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшысының бос лауазымына конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам кон-

курс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 3) Білім туралы құжаттардың көшірмелері;
- 4) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі, еңбек шартын қабылдау және тоқтату туралы бұйрықтардан үзінді көшірме не жұмыс өтілін растайтын басқа құжат;
- 5) «денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/е нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
- 6) ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің соттылығының жоқтығы туралы анықтамасы.

Конкурсқа келесідей адамдар қатыса алмайды:

- 1) он сегіз жастан кіші;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ « Теміртау қаласының көпбейінді ауруханасы» КМК-на мына мекенжай бойынша ұсынылуы тиіс: Қарағанды қаласы, Чайковский көшесі, 22, пошталық индексі: 101400, телефон: 8 (7213) 44-76-90. E-mail: cb-temirtau.kz, директордың қабылдау кабинеті. Бұқаралық ақпарат құралдарының басылымдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.

ШЖҚ «Теміртау қаласының көпбейінді ауруханасы» КМК

- статистику, критерии и показатели, характеризующие состояние здоровья населения;
- современные научные достижения отечественной медицины, лучший международный опыт в управлении здравоохранением;
- правила и нормы по безопасности и охране труда, производственной санитарии и противопожарной безопасности;
- организацию деятельности в условиях чрезвычайных ситуаций.

Конкурс проводится в соответствии с Приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 27 мая 2020 года № ҚР ДСМ-58/2020 «Об утверждении Правил проведения конкурса на вакантную должность руководителя, единолично осуществляющего функции исполнительного органа или руководителя коллегиального исполнительного органа государственного предприятия на праве хозяйственного ведения с наблюдательным советом в области здравоохранения», а также Приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 21 декабря 2020 года № ҚР ДСМ-305/2020. «Об утверждении номенклатуры специальностей и специализаций в области здравоохранения, номенклатуры и квалификационных характеристик должностей работников здравоохранения».

Сроки начала и окончания приема документов:

Лицо, изъявившее желание участвовать в конкурсе, представляет в сроки, указанные в объявлении о проведении конкурса, следующие документы:

- 1) заявление об участии в конкурсе;
- 2) автобиографию, изложенную в произвольной форме;
- 3) копии документов об образовании;
- 4) копию трудовой книжки (при её наличии) или трудового договора, выписки из приказов о приеме и прекращении трудового договора либо другой документ, подтверждающий стаж работы;
- 5) справку о состоянии здоровья по форме 075/у, утверждённой приказом и.о. Министра здравоохранения РК от 30 октября 2020 года № ҚР ДСМ-175/2020 «Об утверждении форм учётной документации в области здравоохранения»;
- 6) справку Комитета по правовой статистике и специальным учётам Генеральной прокуратуры РК об отсутствии судимости.

Не могут принимать участие в конкурсе лица:

- 1) моложе восемнадцати лет;
- 2) ранее совершившее коррупционное правонарушение;

3) имеющее непогашенную или не снятую в установленном законодательством Республики Казахстан порядке судимость;

4) иные случаи, предусмотренные законодательством Республики Казахстан

Участник конкурса может представить дополнительную информацию относительно его образования, стажа работы, уровня профессиональной подготовки (копии документов о повышении квалификации, присвоении учёных степеней и званий, научных публикации, а также рекомендации с предыдущего места работы).

Необходимые для участия в конкурсе документы должны быть представлены в КГП на ПХВ «Многопрофильная больница города Темиртау» управления здравоохранения Карагандинской области расположенного по адресу: г. Темиртау, ул. Чайковского 22, почтовый индекс: 101400, телефон 8 (7213) 44-76-90. E-mail: cb-temirtau.kz кабинет приёмная директора, в течение 15 календарных дней с момента публикации объявления о проведении конкурса в изданиях средств массовой информации.

КГП на ПХВ «Многопрофильная больница города Темиртау» д



Еске алу

Қарағанды облысы Шет ауданы Кеншоқы ауылының тумасы Мұхат Төлеутайұлы КУЗЕМБАЕВ

Тау биік тұлғаң жадымда менің,
Жарқ етіп сөңдін, жалындап едің,
Өзіңе арнап жыр жаздым бүгін,
Бауырым, қатты сағынған едім.

Жыл өтті міне, жаралы жаным,
Сене алмай жүрмін шарасыз күйде,
Туған жерден де жырақтап кеттім,
Ойсырап қалды ауылдағы үй де.

Алладан сенің саулығыңды тілеп,
Анашым дұға сұраушы ед күнде
Жүрекке мәңгі қайғы қалдырып,
Кете барғаның анаммен бірге.

Ақ жүрек, дархан азамат едің,
Ел-жұртқа сыйлы, қадірі асқан,
Барлығың ойлап тыным таппаушы ең,
Шынығып едің еңбекпен жастан.

Өткен-ай, ғұмыр келте болғаны,
Бауырымның көп еді үміт-арманы,
Ұл-қыздың қызығын көретін шақта,
Үзіліп ғұмыр, кете барғаны.

Тете өскен бауыр, қимасым едің,
Жаныма жігер, беруші ең сенім,
Қаға алмай қанат сынғалы жүрмін,
Жаныма батты жоқтығың сенің.

Жалғап жүруші ең бауыр арасын,
Қайран бауырым, бір төбе дарасың,
Жарқ етіп өткен жарқын жүзіңмен,
Мәңгілік солай есте қаласың.

Аман боп артта ұрпағың, жарын,
Өркендей берсін, қалғаның, барың,
Алла сені рақымына алып,
Пейіштің төрінде шалқысын жаның.

Еске алушы: жан бауырың Қызылгүл

№274



Еске алу

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Жамбыл ауылының тумасы Дәулет Сайлауұлы КАНАФИН

Асқар тауым қысқа болды ғұмырын,
Көре алмадың гүліңнің көп қызығын,
Бала сәби тал бесікте тербелген,
Ержеткені інгәлаған құлынын.

25 жыл сен өткелі өмірден,
Сағынышпен жыр арнадым көңілден,
Бал бүлдіршін болсам дағы жүректе,
Қалып қойды нұрлы бейнен төгілген.

Бала кезде мен жолыңа елеңдеп,
Жүруші едім, әкем бір күн келер деп,
Содан бері қаншама жыл өткені,
Сағыныштың ізі қалды тереңдеп.

Әке, сезем қорған болдың жырақта,
Анашыммен қарсы тұрдык сынаққа.
Анам мені қанаттыға қактырмай,
Өсіргені Мөлдiрiндi жылатпай.

Тiрi болсаң, мақтанар ең қызғымен,
Сенiң тегiң жүрiп келем iзiңнен,
Шүкiр, әке, қызың бүгiн жалғады,
Сол кездегi үмiт отын үзiлген.

Асқар тауым, сағынышым мәңгілік,
Қызың барда атың жүрер жаңғырып,
Әкедайым, өшкен жоқсың, тірісің,
Немерең бар, көрсетіп жүр сан қылық.


Кезіктіріп жолыма Алла жақсыны,
Тәубә деймін, ғұмырыма, барыма,
Жақсы азамат, қамқор адам өмірде,
Жолыққаны анашымның бағына.

Мейірім төгіп, махаббатқа әкелік,
Бөлегені отбасын мол бақытқа,
Әкелер ғой шаңырақтың тірегі,
Әкелерді теңер едім жақұтқа.

Көрсетті өмір уақыт жүйірік екенін,
Сені мәңгі еске алумен өтемін,
Рухымменен желеп-жебеп жүргейсің.
Бөйтерегім жұмақ болсын мекенім.

Еске алушылар: артында қалған тұяғың Мөлдiр қызың, Асхат күйеу балаң, немерелерiн.

№273



Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

ТАҒЫМ

Қаламгер рухына құрмет кеші

Биыл қарымды қаламгер, публицист, қазақ журналистика-сының кара нары, «Ortalyq Qazaqstan» газетінде ұзақ жыл Бас редактор болған Мағауия Сембайдың 70 жылдығы. Осыған орай Ж.Бектұров атындағы балалар мен жасөспірімдер кітап-ханасында «Қалам ұшындағы аманат» атты тұлғаны еске алу кеші өтті. Кешке марқұмның туған-туыстары мен үзентгілес до-стары, қаламдастары, шәкірттері және оқырмандары қатысты. Жиналғандар марқұмның жарқын бейнесін еске алды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мағауия Сембай – Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Г.Толмачев атындағы республикалық байқаудың «2009 жылғы таңдаулы БАҚ редакторы» сыйлығының иегері, Қазақстан-ның еңбек сіңірген қайраткері. Марқұм өзінің қайраткерлік қы-рымен де таныла білді. Облыстық мәслихаттың III және IV шақы-рылымының депутаты болды. «Мәдениет қайраткері» белгісінің иегері. Сонымен қатар, төрт мере-келік медальмен марапатталған. Бұдан бөлек облыс әкімінің «Ал-тын сұңқар» сыйлығының арнайы



зық», «Наркескен» атты кітаптары жарық көрді.

64 жыл ғұмырының 44 жылын журналистикаға арнаған тұғы-рлы тұлғаны еске алу кешінің алғысөзін ұстазы, академик, Қа-зақстанның еңбек сіңірген қайрат-кері Зарқын Тайшыбай айтты.

уиннің сыйластығын тілге тиек етті. Мұхтар Мағауин «Менің Мағаш бауырым» мақаласында «Мағаштың қандай абзал адам болғаны туралы жазылып жа-тыр, айтылып жатыр, әлі де ай-тыла, жазыла бермек. Мен үшін Алаштың азаматы ретінде есте қалды. Атан түйедей зор де-несіне қарамастан, жас баладай аңғал, жайдары болатын. Және қажетінде салмақты. Үлкенге риясыз іні, кішіге бүкпесіз аға. Қазақы мінез, кірпияз мәдениет. Ұлттық санасы айқын. Таным, білігі өз алдына. Бізді аға мен іні, әріптес ретінде жалғасты-рған да осы сана мен таным бо-латын» деп жазған еді.

Тірісінде жанына жақын тұтқан бауыры Құрмаш Ыбы-шев ән шырқады. Мұхтар Маға-уин 70 жас мерейтойын Чехи-яның Прага қаласында атап өткен еді. Міне, сол тойға Құр-маш Ыбышев Мағауия Сембай-ға серік болып барып, Мұхтар Мағауиннің тойында әнін әуе-леткен.

Өмірден өткен соң шәкірті Ерcін Мұсабеков пен жары Мейраш Мұқашеваның құра-стыруымен, «Қаламға сүйен-ген тағдыр», «Қоңыр наз» атты қос кітабы баспадан шықты. 70 жылдығына орай өткен еске алу кешінде «Ой-қазына» атты кітабының тұсауы кесілді. Жаңа кітаптың лентасын қиюға Қа-зақстанның еңбек сіңірген қай-раткері, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Рымбала Омарбекова, академик Зарқын Тайшыбай және жан досы Еркін Өкімбаев шықты. Жаңа кітапқа көлемі қысқа, терең философи-ялық толғамдары жинақталған.

Еске алу кешінде Мағауия Сембай атындағы журнали-стерді қолдау қорының арнайы сыйлығы табысталды. Сыйлық белгілі акын, Мағауия Сембай-дың журналистикадағы шәкірті Жанат Жаңқашұлына берілді. Сонымен қатар, Мағауия Сем-байдың жары Мейраш Мұқаше-ваға ықылас гүлі табыс етілді.

Суреттер автордан

ТЕННИС

Әмірдің жұлдызы жанды

Бүгінде Қарағанды облысында үстел теннисі қарқынды даму үстінде. Әлемдік ареналарда ел қоржынына жұлде салып жүр-ген аға-буынның ізін жалғап, кейінгі толқын да өсіп келеді. Со-лардың қатарында теннисші Әмір Омарханов та бар. Күні кеше ғана жерлесіміз алғаш рет ересектер арасында өнер көрсетіп, Астанада өткен Қазақстан жазғы чемпионатында жеңіске жетті.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жерлесіміз – турнирдің екінші нөмірлі ойыншысы. Әрі АТР рей-тингінде 911 орында тұр. Десе де, жас талант өзінің шеберлігімен көзге түсіп, ел чемпионатында керемет өнер көрсетті. Турнирдің алғашқы күндерінде үздік ойын-шы әрі басты фавориттердің бірі Тимур Сауленконы жолда қал-дырды. Ол небәрі жарты сағат-тың ішінде қарсыласын 6:0, 6:1 есебімен жеңіп, келесі кезеңге жолдама еншіледі. Сонымен қатар, Мансур Саиновты 7:5, 7:5 ұпай ай-ырмашылығымен артта қалдырып, жартылай финалдық бәсекеге Ис-лам Орынбасармен шықты. Алай-да, Исламды 6:2, 4:6, 6:3 есебімен шаң қаптырды.

Финалдық бәсекеде теміртау-лық теннис мектебінің өкілі Гри-горий Ломакинмен күш сынасты. Десе де, Әмір бұл кездесуді ұзаққа созбады. Ойын басталысымен қар-сыласынан ұпай алшақтығымен алға шығып, бірінші партияны

жеңіспен аяқтады. Осы тұста Гри-горий турнир барысында алған арқа жаракатына байланысты ойынды жалғастырмай, кездесу бірінші партиядан соң тоқтады. Осылайша Әмір ересектер ара-сында бірінші мәрте қатысқан ірі турнирінде жеңіске жетіп, алтын-нан алқа тақты.

– Бұған дейін жасөспірімдер арасындағы чемпионаттарға қаты-сып, бірнеше рет жеңіске жеттім. Бұл – менің ересектер арасындағы алғашқы тәжірибем. Ірі турнир-де жоғары деңгейде өнер көрсет-кеніме қуаныштымын. Енді Аста-нада өтетін Президент кубогының екі турниріне, яғни, челленджер мен ITF M15 жарыстарына қаты-самын. Кейін Италиядағы жаттығу базама оралып, алдағы турнирлер күнтізбесін анықтаймыз, – деді Әмір Омарханов.

Сурет Қазақстан теннис федерациясынан

ФУТБОЛ

Алматылықтар Арқадан ұпайсыз қайтты

Футболдан Қазақстан Бірінші лига ойындарының 15 туры тұмам. Бұл кезеңде қарағандылық «Шахтер» өз алаңында алма-тылық «Хан Тәңірі» клубымен қарымта ойын өткізіп, кездесу 3:0 есебімен қарағандылықтардың пайдасына шешілді. Айта кетейік, қос команда арасындағы бірінші матч та 3:2 есебімен жерлестердің жеңісіне жол ашқан болатын. Бұл жолы да олар басым түсіп, алматылықтарға мүмкіндік қалдырмады.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жерлестер допты ойынға қосқан бойда шабуылды өрбітті. Қос қапталдан кезек ұйымдасты-рып, тактикалық тұрғыда қар-сыластарына мүмкіндік бермеді. Осындай кезекті шабуыл бары-сында алаң иелері гол салған бола-тын. Алайда, төреші ойыншының алаңнан тыс қалғандығын айтып, голды есептемеді. Ойынның 18-ші минутында алматылық клуб қорғаушысы Шерхан Асанбекке ойын ережесін өрескел бұзғаны үшін төреші «сары қағазын» көр-сетті.

Кезекті шабуыл барысында шабуылшы Максим Галкин оң қапталдан ойысып, алаң ортасын-да жүрген әріптесі Богдан Сав-кивке пас асырған еді. Ол допты өзіне қабылдап, қақпаның төменгі бұрышына бағыттаған. Алайда, қарсылас команда қорғаушыла-ры жоғары жылдамдықпен ұшып бара жатқан допты аяғымен қағып,

қақпашының қолына салып берді.

Ойынның 36-шы минутында «Шахтер» шабуылшысы Сұлтан Шымырхан да «сары қағаз» алып қалды. Осылайша, қос команда арасындағы қарымта кездесу-дің бірінші таймы 0:0 есебімен аяқталады. Алғашқы таймда алаң иелері ойын тізгінін өз қолына алып, допқа иелік етуде айқын басымдық танытты. Одан бөлек, қарсылас қақпасына үш бірдей дәл соққы жасап, тоғыз мәрте бұрыштама добын орындаған.

Екінші таймнан бастап, «Шах-тердің» бас бапкері Александр Кузнецов алаңға тың ойыншы-ларды шығарды. 46-шы минутта Уәлихан Мұхаметжановтың ор-нына Аңсар Алтынханды алаңға шығарды. Одан бөлек, 64-ші ми-нутта Әлихан Исраиловты Эль-хан Саидов, 65-ші минутта Арман Нүсіпті Айдос Тәттібаев алмасты-рды. Қарсыластар да қарап қалған

жөк. Қосалқы құрамда отырған үш бірдей тың ойыншысын алаңға шығарып үлгерді. Дегенмен, олар үшін екінші таймда жасаған өз-герістер, тактикалары жүзеге аспа-ды. Керісінше, жерлестердің ойы-ны жүрді.

78-ші минутта алаңға тыңнан қосылған Эльхан Саидов есеп ашты. Оң қапталдан асырған әріп-тесінің пасын еш қиындықсыз

қақпаға бағыттап, командасын есепте алға шығарды. 82-ші ми-нутта Максим Галкин көзге түсті. Алаңның орталығынан басталған шабуылға Айдос Тәттібаев нүке-те қоймақшы еді. Бірақ, қарсылас қақпашысы Дәурен Тоқмағамбе-тов допты кері қайтарды. Кері қай-тқан допқа Максим бірінші жетіп, есепті еселеп кетті. Араға үш ми-нут салып, Айдос 11 метрлік айып



добын орындап, командасына жеңіс голын сыйлайды.

Бүгінде турнирлік кестеде 38 ұпаймен ақтаулық «Каспий» клу-бы көш бастап тұр. Одан кейінгі сатыға павлодарлық «Ертіс» ко-мандасы көтерілген. Қанжығала-рында – 33 ұпай. Ал, бар болғаны бір ғана ұпай айырмашылығымен

жерлестер – III орында. Дәл осын-дай ұпаймен өскемендік «Алтай» клубы өкшелеп келеді. Енді жер-лестер айдың басында павлодар-лық «Ертіспен» қарымта ойын өткізеді. Команда тағдырын осы ойын шешпек.

Суреттер клубтың баспасөз қызметінен

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;		- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген				«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 498 №82 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.	
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС		Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19		Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күнелі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй.		Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.		Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ	
Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА		Бас редактордың м.а. Қ.А. АЙТЖАН Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Сайт редакторы І.Д. МҰҚАЙ Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ							